


ОҚУ ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕН
УЧЕБНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ КОМПЛЕКС ПО ДИСЦИПЛИНЕ /
ПРОФЕССИОНАЛЬНОМУ МОДУЛЮ

«Применение профессиональной лексики в сфере профессиональной деятельности»

Специальности 1302000 «Автоматтантыру және басқару (бейін бойынша)»
1302000 «Автоматизация и управление (по профилю)»



г. Костанай, 2021 г

УДК 811. 167. 1

ББК 81.2. Каз

Рецензент:

**Г. Журсиналина, кандидат филологических наук Костанайского
регионального университета им. А. Байтурсынова**

Каркинбаева Гаухар Алтаевна, Казиева Умут Жумагалиевна, Бейсенова Хамар
Баязитовна, Жайлибаева Кымбат Мизамбаевна

«Применение профессиональной лексики в сфере профессиональной деятельности»: Учебно-методический комплекс / Каркинбаева Гаухар Алтаевна, Казиева Умут Жумагалиевна, Бейсенова Хамар Баязитовна, Жайлибаева Кымбат Мизамбаевна Костанай. – КГКП Костанайский политехнический высший колледж - Костанай, 2020 г.-84 с.

ISBN

Оқу әдістемелік кешен - студенттердің қазақша сөйлеу тілін коммуникативтік тұрғыдан дамыту арқылы қазақ тілін кәсіби мамандығына сәйкес қарым-қатынас құралы ретінде оқыту, олардың теориялық білімдерін тәжірибе жүзінде іске асыру, сөздік қорын кәсіби лексикамен байыту, жазбаша сөйлеуін шығармашылық ізденістермен ұштастыру, қазақ тілін кәсіби бағдарлы меңгертуге арналған тапсырмалар, мәтіндер мен кестелер және сөздіктерден құрастырылған.

Оқу-әдістемелік кешен «Автоматтандыру және басқару (бейін бойынша)» бойынша оқитын студенттерге арналған

**УДК
ББК**

Утверждено решением методического совета Костанайского политехнического колледжа № 5 от 18 марта 2021 года

ISBN

© Каркинбаева Г. А., 2021 г

© Казиева У.Ж., 2021 г

© Бейсенова Х.Б., 2021 г

© Жайлибаева К.М., 2021 г

АЛҒЫ СӨЗ

Бұл оқу құралы кәсіби бағытталған және 1302000 «Автоматтандыру және басқару (бейін бойынша)» мамандығы, электромеханик біліктілігі бойынша білім алушылардың аудиториялық және өзіндік жұмыстарына арналған.

Оқу құралының негізгі мақсаты-кәсіби бағытталған қазақ тілінің барлық формаларының дағдыларын жетілдіру, сонымен қатар болашақ техник-электриктердің коммуникативті мәдениаралық құзіреттілігін дамыту.

Оқу құралының міндеттері:

- іздеу, зерттеу сипатындағы қарым-қатынас дағдылары мен біліктерін дамыту
- кәсіби қарым-қатынас үшін оқу, ауызша сөйлеу және арнайы терминологияны меңгеру, сондай-ақ студенттердің лексикалық, грамматикалық білімдерін кеңейту, олардың мәдениеті мен білімін арттыру.

Оқу құралы келесі бөлімдерді қамтиды:

1. теориялық материал
2. кәсіби мазмұндағы мәтіндер
3. білімді бақылауға арналған тапсырмалар
4. тест тапсырмалары
5. глоссарий

Оқу құралында 1302000 «Автоматтандыру және басқару (бейін бойынша)» мамандығын ескере отырып, кәсіби бағыттағы мәтіндер таңдалды. Негізгі кәсіби терминдер анықталды, тілдік материалды терең кәсіби түсінуге ықпал ететін тұжырымдамалық аппаратпен жұмыс қарастырылған.

Тұжырымдамалық аппаратты қалыптастырумен қатар, грамматикалық, орфографиялық, стилистикалық және пунктуациялық дағдыларды қалыптастыру бойынша жаттығулар ерекше орын алады.

Оқу құралында кәсіби терминдердің жүйелі сөздігі, бақылауға арналған материалдар бар.

Оқу құралы қазақ тілінің оқытушыларына, 1302000 «Автоматтандыру және басқару (бейін бойынша)» мамандығының техникалық және кәсіптік білім беру студенттеріне, техник-электрик біліктілігіне арналған.

**КГКП КОСТАНАЙСКИЙ ПОЛИТЕХНИЧЕСКИЙ ВЫСШИЙ КОЛЛЕДЖ УПРАВЛЕНИЯ
ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ**

Мазмұны

№ 1 Бөлім. Тіл туралы мәлімет.	
Тақырып 1.1	Қазақ тілі – мемлекеттік тіл. Тіл туралы Заң. Фонетика
Тақырып 1.2.	Қазақ тілінің тарихы.
Тақырып 1.3	Сөз мәдениеті
Тақырып 1.4.	Заманауи қазақ тілі
Тақырып 1.5	Мәдени мұра: Тілдердің ұштұғырлығы
№ 2 Бөлім. Менің мамандығым	
Тақырып 2.1	Менің оқу орным. Электротехникалық бөлімі
Тақырып 2.2	Мамандықты таңдауға ұмтылу. Мамандық таңдау мақсатым
Тақырып 2.3	Менің болашақ мамандығым – электро-механик. Электро-механик маманының лауазымдық қызметі.
Тақырып 2.4	Өндірістік тәжірибеде Менің жұмыс орным
Тақырып 2.5	Қауіпсіздік техникасын сақтау және еңбекті қорғау
Тақырып 2.6	Автоматтандыру жайлы ұғым
Тақырып 2.7	Өндірістік автоматтандыру
Тақырып 2.8	Электротехникалық материалдар, құрал мен жабдықтар
Тақырып 2.9	Автоматтандыру аспаптары мен құралдары
Тақырып 2.10	Автоматтандыру схемасы
Тақырып 2.11	Автоматты басқару жүйелерінің статикалық және динамикалық сипаттамалары
Тақырып 2.12	Автоматтандыру және технологиялық процесс
Тақырып 2.13	Автоматтандыру жүйесі
№ 3 Бөлім Кәсіптік білім берудің негіздері	
Тақырып 3.1	Автоматтандыру жүйесінің арналымы, мақсаты мен функциялары
Тақырып 3.2	Ақпараттық жүйелер
Тақырып 3.3	Басқарушы жүйелер
Тақырып 3.4	Автоматты қорғау жүйелері
Тақырып 3.5	Басқару жүйелерінің құрылымы мен функциялары
Тақырып 3.6	Автоматты реттеу тақырып
Тақырып 3.7	Қашықтан басқару
Тақырып 3.8	Технологиялық қорғау және блоктау.
Тақырып 3.9	Технологиялық процестерлі автоматтандыру жүйесі
Тақырып 3.10	ТП АБЖ ақпараттық функциялары
Тақырып 3.11	ТП АБЖ көмекші функциялары
№ 4 Бөлім. Кәсіптік -бағдарлық мәтіндері	
Тақырып 4.1	Автоматты басқару процесінің маңызы
Тақырып 4.2	Автоматтандыру жүйелерінің элементтері
Тақырып 4.3.	Автоматты реттеу жүйелерін жіктеу
№ 5 Бөлім. Қазіргі іс қағаздар	
Тақырып 5.1	Құжаттарды топтастыру. Жеке адам өміріне қатысты құжаттар.
Тақырып 5.2	Азаматтық қарым-қатынасты реттейтін құжаттар
Тақырып 5.3	Басқару-ұйымдастыру құжаттары
Тақырып 5.4	Қайталау- қорытындылау сабағы
1 бөлімге арналған тест тапсырмалары	
2 бөлімге арналған тест тапсырмалары	
3 бөлімге арналған тест тапсырмалары	
4 бөлімге арналған тест тапсырмалары	
5 бөлімге арналған тест тапсырмалары	
Тест тапсырмаларының жауаптары	
Глоссарий	

№ 1 Бөлім. Тіл туралы мәлімет

Тақырып 1.1 Қазақ тілі – мемлекеттік тіл.

1-тапсырма. Шахмат аты секілді жүріп отырып, Ғ.Мүсіреповтің ана тілі туралы айтқан ұлағатты сөзін оқыңыздар.

Ана	үзеді	ұмытқан
адам	болашағынан	халқының
өткенін	тілін	қол
да	өз	де

2-тапсырма. Мәтінді оқыңыз және мазмұнын түсіндіріп беріңіздер.

Қазақ тілі – мемлекеттік тіл.

Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Бүгінде Қазақстан Республикасында тұратын орыстар, украиндер, түріктер, немістер, кәрістер, тағы басқа ұлт өкілдері қазақ тілінде сөйлей бастайды.

Қазақ тілі түркі тілдерінің қыпшақ тобына жатады. Тәуелсіз елдерінің Достастық мемлекеттерінде отыздан астам тіл түркі тілдер тобына енеді. Атап айтқанда: қырғыз, татар, әзірбайжан, өзбек, ұйғыр, башқұрт, кабардинбахар, тува, т.б.

Қазақ тілін білу осы мемлекеттегі жергілікті халықпен сөйлесуге, түсінісуге мүмкіндік береді.

Ертеректе қазақтар таспаға жазу үлгісін пайдаланған. Кейінірек арап харпін, сосын латын әліпбиін қабылдады. 1940 жылдан бері орысжазбасына негізделген таңбалар тұрғысында жаңа әліпбиді пайдаланып келеді.

Ал қазақ әліпбиін орыс таңбасы негізінде құруда ағартушы – ұстаз Ыбырай Алтынсаринның еңбегі зор. 1879 жылы жазылған «Қырғыздар хрестоматиясы» кітабына орыс ағартушының тәрбиелік мәндегі шығармалары мен орыс ертегісі енгізіледі.

Сондықтан қазіргі қазақ әдеби тілін дамытуға Ыбырай Алтынсарин мен Абай Құнанбаевтың зор еңбегі сінді.

3-тапсырма. Мәтінді қазақ тіліне аударыңыздар:

Казахский язык является национальным языком казахского народа, проживающего в Республике Казахстан, в республиках Средней Азии: Узбекистане, Туркмении, Киргизии, а также в других странах ближнего и дальнего зарубежья: Российской Федерации, Азербайджане, на Украине, Литве, Эстонии, Афганистане, Иране, Турции, Швеции, Нидерландах, Иордании, Саудовской Аравии, Пакистане, Австралии, Швейцарии, Норвегии, Сирии, США, Англии, Синьцзян- Уйгурском автономном районе КНР и Монголии.

Казахский язык является государственным языком Республики Казахстан.

Казахский язык принадлежит к северной-западной (кипчакской) ветви тюркских языков.

4-тапсырма. Тілге байланысты мақал-мәтелдердің жалғасын табыңыздар.

1. Тіл - достықтың
2. Тілі өлген ел -
3. Өз тілің - бірлік үшін,
4. Тіл сүйексіз болса да,
5. Аузы құлып сандықты тіс ашпаса,
6. Аңдамай сөйлеген
7. Шебердің қолы — ортақ,
8. Бас кеспек болса да,
9. Піл көтермегенді
10. Ана сүті бой өсіреді,

Грамматикалық материал

Орфографиялық норма

Орфография дұрыс жазу нормаларын белгілейді. Орфография (грек. orfos – «дұрыс», grapho – «жазамын») – жазба тілінде пайдаланылатын жазудың тарихи қалыптасқан жүйесі, біркелкі жазуды қамтамасыз ететін ережелер жүйесін жасайтын және зерттейтін тіл білімінің саласы. Қазақ тілінің орфографиясы үш принципке негізделеді:

1. Морфологиялық принцип.
2. Фонетикалық принцип.
3. Тарихи-дәстүрлі принцип.

Морфологиялық принцип – сөздің морфологиялық құрамын ескеріп, морфемалар (сөз және қосымша) құрамында болатын дыбыс алмасуларын ескермей, бастапқы қалпын сақтап жазу. Мысалы: жамбады, жаңғанда түрде айтылатын сөздерге ортақ түбір – жан, сондықтан жанбады, жанғанда деп жазылады. Жазса, жазшы (айтуда жасса, жашшы) сөздерінде түбір (жаз) сақталып жазылады.

Фонетикалық принципте сөздер айтылуы бойынша жазылады, әрбір әріп фонеманы емес, дыбысты білдіреді. Амангелді, Ботагөз, кітабым (кітап+ым), тарағы (тарақ+ы), сексен, биыл түрінде жазылады да, фонетикалық транскрипцияға жуықтайды.

Тарихи-дәстүрлі принцип – сөздің бір кезде жазылып қалыптасқан, дәстүрге айналған түрін сақтап жазу. Мысалы, бұған қазақ тіліндегі хат, хабар, халық, қаһар, жаһан сияқты сөздерге х, һ әріптерін пайдалануды жатқызуға болады.

Қазақ тілінде сөздерді дұрыс жазуда орфографиялық сөздікке сүйенеміз.

5-тапсырма. Берілген сөздерді орфографиялық принциптерге бөліп жазыңдар, ережесін түсіндіріңдер.

Морфологиялық принцип	Фонетикалық принцип	Тарихи-дәстүрлі принцип

Жазса, сенбі, фестиваль, түнгі, қашанғы, жарқабақ, орынбасар, көзбе-көз, тауып, қан қызыл, құлағы, бозжусан, көк дөнен, жүрегі, белбеу, керек екен, қолғап, самауыр, шәйнек, пәуеске, бөрене, пайда, хат, ес жоқ, жеребе, халық, шкаф, гауһар, бес жыл, он қап, жиһан, қаһарман, колхоз, гео- метрия, ауа, сәнқой, Досжан, жанкешті, тасжол, стақан, дүй- сенбі, қарлығаш, ашудас, сөзжасам, бозкөде, бозша, бүгін, жаздыгүні.

6-тапсырма. Қою қаріппен жазылған сөздердің ережесін еске түсіріп, қандай принцип бойынша жазылғанын анықтаңыздар.

1. Төмен сырғанақтаған бөшкені бүктетіле тіреп, сілеусін көзі ызғар шаша қарап қалғаны Танабайдың көз алдынан кетпей қойды (Ш.А.). 2. Бейшара несіне жетіседі, мұның халінде бетегеден биік, жусаннан аласа тірліктен басқа не бар? (Ш.А.). 3. Биыл Қарауыл суы мол тасып, Жидебай, Мұсақұл үстіндегі кең қорық көк жайқын қалың шалғын боп келе жатыр еді (М.Ә.). 4. Дәл бүгін осы қонысқа жеткенше бұл ауылдар өзге Шыңғыс бөктерінен көшкен Бөкенші, Жігітекті қуып жете алмаған (М.Ә.). 5. Сөйтіп, қазаннан жаңа түскен ет бір қолдан бір қолға лып-лып етіп, салқындамай, тоңазымай лезде жетіп тұрды (М.Ә.). 6. Бердіқожаның көнген хабарын алысымен, Құнанбай қалыңмалды, жыртысты бір-ақ жібертті (М.Ә.). 7. Көлқайнардың суы мол болғанымен, кең қоныс емес еді (М.Ә.). 8. Кітап әпер, оқысын балаң, қолына, Малды аяма оқу-білім жолына (М.Ж.). 9. Өзіне таныс Буратиген, Көкүйірім сияқты қоныс-құдықтардың тұсына келгенде, астындағы жарая бестісін ағызып-ағызып алады (М.Ә.).

7-тапсырма. М.Шахановтың «Рух пен тіл» әнін тауып тыңдап, өлең туралы пікірлеріңді айтыңыздар. Ғаламдық мәселелермен байланыстырыңыздар.

Тақырып 1.2. Қазақ тілінің тарихы.

1-тапсырма. Төмендегі мәтінді оқыңыздар.

Қазақ тілі тарихы – қазақ тілін зерттейтін ғылым саласы. Қазақ тілі тарихы шартты түрде: а) ұлттық тіл білімі қалыптасқанға дейінгі кезең; ә) ұлттық тіл білімі қалыптасқан кезең болып екіге бөлінеді. Ұлттық тіл білімі қалыптасқанға дейінгі кезең 19 ғ-дың 2-жартысынан басталады. Қазақ тілінің граммат. құрылысы туралы алғашқы мәліметтер Н.И.Ильминскийдің «Материалы к изучению киргиз-казахского наречия» (1860–61) деген еңбегінде ұшырасады. Бұл – қазақ тілінің кейбір ерекшеліктерімен таныстыруға арналған тұңғыш еңбек. Кейін М.А.Терентьевтің «Грамматика турецкая, персидская, киргизская и узбекская» (1875), П.М.Мелиоранскийдің «Краткая грамматика казах-киргизского языка» (1894, 1897), В.В.Катаринскийдің «Грамматика киргизского языка» (1897), т.б. еңбектер жарық көрді. Қазақ тілін таныстыру мақсатын көздегендіктен бұл еңбектерде белгілі бір категориялардың сырын ашу, оның ерекшеліктерін анықтау жағы қарастырылмаған. Олар негізінен қазақ тілінің заңдылықтарын, орыс тілімен салыстырып, сол тілдің негізінде түсіндіруге тырысты. 19 ғ-дың 2-жартысында қазақ тілінің лексикографиялық жұмыстары қауырт қолға алынып, дами бастады. Ұлттық тіл білімі қалыптасқанға дейінгі кезеңде 40-қа жуық сөздік жарық көрді.

2-тапсырма. Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап беріңіздер.

Өте ертеде бір дана қария өмір сүріпті. Ол дүниеден көз жұмар алдында қасына ұлын шақырып алып:

- Балам, менің мына дүниемен қоштасар күнім жақын. Өзіңе қалдырып бара жатқан бір асыл қазынам бар. Сен соны іздеп тап, ұқыпты пайдалан, ұқыпты қолдан,- депті....

Күндердің күнінде бала әкесі қалдырған қазынаны іздеймін деп әбден шаршайды. Бірақ әкеден қалған қазына таптырмайды. Амалы таусылған бала ел ішіндегі көпті көрген бір қариядан сұрайды.

- Әкеңнің сөзі рас, балам. Оның саған қалдырған мұрасы – тіл. Сенің әкең сөзге шешен кісі еді ғой. Бәріміз де сөз асылын сол кісіден үйрендік. Тілден қымбат қазына жоқ,- деп ақылгөй қария аталы сөздің шешуін айтып беріпті.

Мәтін бойынша сұрақтарға:

1) Әкесі баласына тілді неліктен мұра етіп қалдырған? (Халықтың талай ғасырлар барысында жасаған материалдық байлығы мен рухани мәдениетін, әдебиетін, ұлттық дәстүрін ұрпақтан - ұрпаққа жеткізетін тіл. Қарияның баласына қалдырған асыл мұрасы - тіл арқылы жететін өнер - білім, мәдениет, ғылым, өткен - кеткен тарих, ата - баба дәстүрі.)

2) Тілден қымбат қазына жоқ дегенге келісесіңдер ме? (Әр халықтың тілі - өзіне тән қымбатты да қимас қазынасы)

3) Ана тілін неліктен қымбат қазынаға теңейді?

3-тапсырма. Берілген сұрақтар бойынша өзара диалог құрастырыңыздар.

1. Қазақстанның мемлекеттік тілі қандай?
2. Қазақ тілі мемлекеттік мәртебесін қай жылы алды?
3. Тіл туралы Заң қай жылы қабылданды?
4. Заң неше тараудан, неше баптан тұрады?
5. Сен қандай тілдерді білесің?
6. Қандай тілдерді игергің келеді?

4-тапсырма. Мәтінді оқып, негізгі ойды анықтаңдар. Алаш зиялыларын тіл мәселесі не себепті алаңдатқанын, бұл мәселенің әлі де күн тәртібінен түспеу себепін талқылаңыздар.

Алаш зиялыларының саяси және рухани күресінің негізгі мақсаты ұлтымызды ұйыстыру, сол арқылы елдігімізді айқындау болды. Әрине, осындай ұлан-ғайыр сауапты істің аясында ана тілімізді сақтау мәселесі тұрды. Алаш қайраткерлері тілдің саяси, қоғамдық һәм рухани үлкен күш, ұлтты біріктіруші қуатты құбылыс екендігін жақсы сезінді. Сондықтан да Алаш сияқты аса ірі қозғалыстың рухани тінінде қазақ тілі мәселесі ерекше орынға ие болды.

А.Байтұрсынұлы: «Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта, адамы құрымай, жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл», – деп, ұлттық рухтың, бол-мыстың негізі де, арқауы да тіл екендігін алғаш аңғартты.

Ахаңның осы сөзіне орайлас пікірлерді Алаш зиялыларының көпшілігі білдірді. Айталық, Ғұмар Қараштың «Тілді сақтау-ға мүмкін болғанда, тіл сақталуға тиіс. Біз тілімізді қанша сақтасақ, ұлтымызды да сонша сақтаған боламыз»; Мұстафа Шоқайдың «Ұлттық рухтың негізі – ұлттық тіл»; Халел Дос-мұхамедұлының «Ана тілін жақсы біліп тұрып, бөтенше жақ-сы сөйлесең, бұл – сүйініш; ана тілін білмей тұрып, бөтенше сөйлесең, бұл – күйініш. Өз тілін білмей тұрып, жат тілге еліктей беру – зор қате.

Бұл оқығандардың һәм оқушылар-дың есінен шықпауы керек»; Мағжан Жұмабаевтың «Ұлттың ұлт болуы үшін бірінші шарт – тілінің болуы» деген жанашыр ойлары – біздің заманымызға үндес, өзекті пікірлер. Егемен елдің, дербес мемлекеттің мемлекеттік тілі бола тұра, тіліміз-дің өзінің тұғырына толық қонбай жатқанын ескерсек, Алаш зиялылары өсиетінің бағасы да, маңызы да еселеп артады.

Алаштықтар ана тілін ұлт болмысының басты бөлшегі ретінде қарастырып, әсіресе жас ұрпақ тәрбиесінде алатын орны- на ерекше назар аударды. Қазіргі кезде ана тіліміз өрісті тақырыптардың біріне айналып отырса, олардың алғашқы үлгілерін дүниеге келтірген де Алаш қаламгерлері болатын. А.Байтұрсынұлының «Туған тілім», М.Жұмабаевтың «Қазақ тілі», С.Торайғыровтың «Туған тіліме» өлеңдері – қазақ әдебиетіндегі тіл тақырыбында жазылған тұңғыш көркем туындылар еді.

Алаш қайраткерлерінің тіл турасындағы осы көкейкесті ойлары азаттық алған бүгінгі қазаққа да жолбасшылық етуде.

Грамматикалық материал

5-тапсырма. Жоғарыдағы мәтінде көтерілген мәселе бойынша өз ойларыңды дәлелдеп, әдеби тіл нормаларын сақтап, келісу/келіспеу эссесін жазыңдар.

6-тапсырма. Нақыл сөзді ерекше тембрмен оқып, ой тұжырымын жасаңдар. Әдеби тілдің белгілерін атаңдар.

Жаудан да, даудан да қорықпаған қазақ едім. Енді қорқынышым көбейіп жүр. Балаларын бесікке бөлемеген, бесігі жоқ елден қорқам. Немересіне ертегі айтып беретін әжелердің азаюынан қорқам. Дәстүрді сыйламайтын балалар өсіп келеді... Қолына кітап алмайды. Үйреніп жатқан бала жоқ, үйретіп жатқан әке-шеше жоқ...

(Б.Момышұлы)

7-тапсырма. Берілген клишелер мен лексикалық құрылымдарды орынды қолданып, Б.Момышұлының пікірі туралы пайымдау эссесін жазыңдар. Сөз саны – 80–100.

Менің ойымша, осы мәселе төңірегінде ойлана келе, өз пікірімнің дұрыстығына көз жеткізу үшін, ақын (жазушы) осылай баяндайды, осы ой шығармасында былай көрініс тапқан, шығарма кейіпкерін еске алсақ, қорыта келе, осындай қорытынды шығаруға болады, жоғарыда айтылған пікірлерді жинақтай келе, келтірілген дәлелдер бізді осы ойға жетелейді, осы тақырыпты талқылауды қорытатын болсақ т.б.

Тақырып 1.3 Сөз мәдениеті

1-тапсырма. Тор көздерден Кей-Қабустың сөз мәдениеті туралы пікірін оқи ала-сындар. Төмендегі сұрақтарға берген жауаптарыңды Кей-Қабустың пікірімен салыстырыңыздар.

			сөз	Жақсы сөйлей			
		білген жөн.	сөйлей білу.	білуге үйрен:	өйткені		
	сөз өнері	Адам-заттың	Сөзді	сыпайы,	қандай	әдет-тенс ең,	
Барлық өнерден	жақсы екенін	ең асыл	өз орнымен	анық сөйлеуді	сөзді	тіл	соны айтады.
		қасиеттерінің бірі –	сөйле.	әдет қылғайсың,	айтуды		

1.Сөз мәдениеті дегенді қалай түсінесіңдер? Адамдар арасындағы қарым-қатынаста сөз мәдениетінің рөлі қандай?

2. Қазақ тілінің қоғамдағы қолданылу аясы, өзіндік орны қандай деп ойлайсындар?

2-тапсырма. Мәтінді оқып шығындар, негізгі ойды анықтаңдар. Мәтіндерге тақырып қойындар.

Сөз мәдениеті дегеніміз – «қарым-қатынас құралын қалай игеріп, өмірде қалай пайдаланып жүрміз; оның әрқилы амал-тәсілдерін дұрыс, дәл қолданып, мазмұнды, әсерлі етіп жұмсай алдық па?» дегенге саяды. Сонымен, сөз мәдениеті – әдеби тілдің грамматикалық, лексикалық, стилістикалық, орфоэпиялық, орфографиялық нормаларын меңгеру, сонымен бірге бейнелеуіш, көріктеуіш амал-тәсілдерді қарым-қатынас жасаудың мақсаты мен мазмұнына сай қолдана білу.

Дұрыс сөйлеп, дұрыс жаза білуге дағдыланған, әдеби тіл нормасына төселген адамның сөйлеген сөзі де, жазғаны да кедір-бұдырсыз жатық шығып жатады. Тіл амалдарын дұрыс қолданып, әдеби тіл нормасын сақтап, одан жөнсіз ауытқымауды сөз жатықтығы деп түсінуге болады.

Тіл амал-тәсілдерін дұрыс жұмсауға, сөз жатықтығына ғана қанағат етіп қою жеткіліксіз. Сөйлеушінің сөзі әдеби тілдің нормасына сай дұрыс жұмсалуды және «тілге жеңіл, жүрекке жылы тиетіндей», ой мен сезімді дәл жеткізе алатындай әсерлі болуы да қажет. Тілде толып жатқан амал-тәсілдер бар. Солардың ішінен аса қажеттісін талғап ала білу арқылы ой мен сезімді дәлме-дәл жеткізе білу шеберлігі – сөз мәдениетінің биік шыңы. Мұндай шеберлік, ең алдымен, тіл амалдарын әдеби тіл нормасына сай дұрыс қолданудан, сөз жатықтығынан басталады. Сондай қасиетке ие болғанда ғана сөйлеуші, жазушы сөз байлығы, сөз тазалығы, сөз дәлдігі, сөз әсерлілігі тәрізді сапалармен тыңдаушысын я оқушысын баурап алады.

3-тапсырма. Қазақ тілі туралы ұлт зиялыларының нақыл сөздерімен танысып, «Дербес пікір» айту тәсілі бойынша өз пікірлеріңді айтыңдар.

Өзіндік пікір (ой, идея) – 1 сөйлем

Дәлел – 2 сөйлем

Өз пікірін айғақтайтын мысал – 2 сөйлем

Өз пікіріне қарсы дәлел – 1 сөйлем

Қарсы дәлелді жоққа шығаратын мысал – 1 сөйлем

Қорытынды – 2 сөйлем

Ана тілі – халық болып жасалғаннан бері жан дүниесінің айнасы, өсіп-өніп, түрлене беретін, мәңгі құламайтын бәйте-регі.

(Ж.Аймауытов)

Ана тілінен айырылған адам өз халқы жасаған мәдени мұраның бәрінен құралақан қалады.

(Ғ.Мүсірепов)

Ұлттың тілі – сол ұлттың жаны, жан дүниесі. Ол жүректі соқтыртып тұрған қан тамыры сияқты. Егер де қан тамыры жабылып қалса, жүрек те соғуын тоқтатпай ма?!

(М.Әуезов)

Қазақ тілі – өзінің өткірлігімен бой балқытып, тамыр шымырлатып, жан жүйенді жандырып, құлақ құрышын қандырып, ұғымына қонымды, жүрегіне тиімді, қысылтаяң қатал жағдайға қайрап, ерге, елге медет болатын ең әсерлі, ең әдемі шешен тіл.

(Б.Момышұлы)

4-тапсырма. Мәтінді оқып, сөйлеу тілі мәдениеті талаптарымен танысыңыздар.

Өмір, тіршілік адамдардың бір-бірімен араласуын, қарым-қатынас жасауын қажет етеді. Адамдардың қарым-қатынас жасайтын, түсінісетін негізгі құралы – тіл. Дұрыс қарым-қатынас жасау үшін әр адамның сөйлесе білуі керек. Сөз, сөйлесу мәдениетін меңгеріп, оны өз бойында қалыптастыруы тиіс.

Сөз мәдениеті сөздерді мағынасына қарай дұрыс қолдану, сөйлеу үстінде оларды бір-бірімен қиюластырып, үндестіріп дұрыс айту, емле мен тыныс белгілері ережелерін сақтап сауатты жазу, тілдің ғасырлар бойғы сұрыпталып келген көркемдігі мен әсем өрнегін орнымен қолдану.

Әрбір сөзді, сөйлемді, сөз тіркесін айтылмақ ойдың мазмұнына сәйкестендіріп айту-сөйлеу тілі мәдениетінің басты талаптарының бірі.


Сөздік:

қиюластыру – сочетать, совместить;

үндестіру – сочетать звуки, гармонизировать;

сұрыптау – сортировать.

Грамматикалық материал



5-тапсырма. Мәтін мазмұнын сөйлеу тілі стилінде әңгімелеп беріңіздер.

Әкем Жүсіпбек жазушы ғана емес, жан-жақты өнер иесі болатын. Ол ғажап етікші, темірден түйін түйетін ұста еді, сонымен бірге музыкалық аспаптарда (домбыра, скрипка, рояль) еркін ойнайтын. Ең негізгісі, нағыз көркемсөз шебері болды. Қолы қалт етсе, жазу үстеліне келіп, тапжылмастан отырып, көп жазатын...

Ақын-аудармашы, көрнекті жазушы, педагог-ғалым ретінде қазақ әдебиеті мен ғылымына қалам қуатын арнағанын мақтан етемін. Бір уақ көңіліме демеу аламын...

6-тапсырма Берілген сөз тіркестерімен сөйлем құраңыздар.

Мәдениетті сөйлеу, ақылды болу, тапсырмаларды орындау, үш тілді білу, сөз мәдениеті.

7-тапсырма.

А) Берілген сөздерді тәуелдендер: білім, мәдениет, тіл

Ә) Берілген сөздерді сөз құрамына талдаңдар: адамдардың, айтылатын, дамуына, әдебиетінің, сүйсіндірем, мағынасына.

Тақырып 1.4. Заманауи қазақ тілі

1- тапсырма. Мәтінді оқып, мағынасын түсіңіздер.

Қазақстан - әлемдегі ең мықты, бәсекеге қабілетті елдердің қатарына ену үшін қазақ тілін жоғары мәртебеде ұстауы керек. Иә, тіл мәселесі - аса күрделі, аса жауапты мәселе. Қазақ елі барда, қазақ тілі де болады. Өседі. Өркендейді. Тіл пайдаланылып жүрген кезде өшпек емес, қоғамдық қатынастарды толымды түрде және белсене пайдаланатын тіл болып тұрған кезде ұлт өмір сүре бермек. Еліміз бен тіліміз мәңгілік жасай берсін. Ұлт болашағы жастардың қолында, ал тіл - ұлттың жаны. Сол себепті ұлтымызды сақтап қалғымыз келсе, ең алдымен, тілімізді түзетейік, шұбарлануына жол бермейік. Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте. Қазір қай басылым бетіне қарасаңыз да, тіл мәселесі. Мемлекеттік тіліміз қашан өзіндік ең биік тұғырға мінгенше, бұл тақырыпты тіл жанашырлары жалғастыра жаза да, айта да берері даусыз.

2-тапсырма. Ғаламтордан қазіргі қазақ тілі туралы мақал-мәтелдерді және нақыл сөздерді іздеп, дәптерге жазып алыңыздар.

3-тапсырма. Тіл туралы тестті орындаңыздар.

1. Қазақ тілі қай жылы мемлекеттік мәртебесін алды?

а) 1991

ә) 1989

б) 1987

2. Қазақ тілі қандай тілдер тобына жатады?

а) араб

ә) парсы

б) түркі

3. Тіл туралы Заң қашан қабылданды?

а) 1997

ә) 1990

б) 1989

4. Ол неше баптан тұрады?

а) 30

ә) 22

б) 27

5. Қазақстан Республикасының тілдер мерекесі қашан тойланады?

а) 16 желтоқсан

ә) 30 тамыз

б) 22 қыркүйек

6. Тіл туралы Заңының нешінші бабында Қазақ тілі туралы айтылған?

а) 4

ә) 5

б) 7

7. Мемлекеттік тілді неге үйреніп жүрсің?

а) ол бағдарламада бар

ә) менің парызым

б) маған ұнайды

8. Қанатты сөздерге не жатады?

а) ертегілер, мақал-мәтелдер

ә) мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, тұрақты сөз тіркестері

б) сөз тіркестері, нақыл сөздер

Грамматикалық материал

Әдеби тіл		
Сипаттауда	Баяндауда	Пайымдауда
<p>Зат пен құбылыстың негізгі, мәнді белгілері айтылады. Мысалы: <i>Бұл күн- де тола түскен Әйгерімнің нұрын сәнді таза киімі әсіресе көркейткендей (М. Әуезов).</i></p>	<p>Зат пен құбылыстың өзара байланысы сөз болады. Мысалы: <i>Ғалымдар атомды заттың бөлінбейтін бөлшегі деп ойлады. Кейін оның протонға, нейтронға және электронға бөлінетіні анықталды (Физика оқулығынан).</i></p>	<p>Құбылыстың болу салдары мен себебі көрсетіледі. Мысалы: <i>Планеталардың орбиталары эллипс пішінді болғандықтан, олардың фокустары Күнде орналасқан эллипс бойымен айналады (Физика оқулығынан).</i></p>

4-тапсырма. Берілген клишелер мен лексикалық құрылымдарды орынды қолданып, Б.Момышұлының пікірі туралы пайымдау эссесін жазыңыздар. Сөз саны – 80–100. Менің ойымша, осы мәселе төңірегінде ойлана келе, өз пікірімнің дұрыстығына көз жеткізу үшін, ақын (жазушы) осылай баяндайды, осы ой шығармасында былай көрініс тапқан, шығарма кейіпкерін еске алсақ, қорыта келе, осындай қорытынды шығаруға болады, жоғарыда айтылған пікірлерді жинақтай келе, келтірілген дәлелдер бізді осы ойға жете-лейді, осы тақырыпты талқылауды қорытатын болсақ т.б.

5-тапсырма. «Тілдің туы жығылмасын» тақырыбында мақала жазыңдар. Сөз саны – 150

6-тапсырма. Мәтіннен айтылуы бойынша жазылған сөздерді тауып, емле ережесі бойынша түзетіп жазыңдар. Әуен, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолданып, бір-біріне оқып беріңдер.

Бір күні Қаражігіт би Қазыбектің үйіне геледі. Әңгімелесіп отырғанда Қазыбек:

– Уа, жігіт, «атадан жақсы ұл туса, елдің туы болады, атадан жаман ұл туса, көштің соңы болады» деп еді. Соның ғайсысы боласың? – дейді.

Сонда Қаражігіт:

– «Ораздының гәрісі қартайғанда қазына болады, шиырлының гәрісі қартайғанда қазба болады» деп еді. Сіз өзіңіз соның ғайсысы боласыз? – депті.

– Иншалла, қазынамыз ғой, – дей беріпті сонда Қазыбек.

– Иншалла, біз елдің туымыз, – депті Қаражігіт.

(«Шешендік шиырлары» кітабынан)

7-тапсырма. Тілді шұбарлау мәселесіне байланысты Б.Момышұлының толғанысын оқып, кестені толтырыңдар. Мәтінде көтерілген мәселені талдай отырып, ғаламдық мәселелермен байланыстырыңыздар.

Алынған сөйлем	Автордың пікірі	Менің пікірім

Бауыржан Момышұлы тіл тазалығы туралы

Осы кезде аздап орысша білгеніне мәз болып, төбесі көкке жеткен, ана тіліне көңіл бөлмей, әліне қарамай, оны мен- сінбей, не орысшаны, не қазақшаны дұрыс сөйлей алмай бал- дыр-батпаққа батып жүрген, келбетсіз тіл азғындарын Алма- тының жауапты деген қазақ қызметкерлерінің арасынан да кездестіруге болады.

Ауырып жатқан халық комиссарының орынбасары Мән- сейітов деген кісіге:

– Халіңіз қалай? – дегенімде:

– Дұрыс, самочувствием, общее состоянием не плохо, – деп жауап берді.

Бір артист:

– Сіз пошему кешегі бешірге не приходили? – деді. Бір жазушы:

– Мен сізге звонит еткен едім, но почему-то Вас не оказа- лась в кабинете, – деді.

Бір газет қызметкері:

– Сіздің статьяңызды просмотреть етіп болған соң маленькое ғана редакционное изменение жасап, печатать ете- міз, – деді телефонмен.

Бір мұғалима қоштасып тұрып:

– Оған обязательно пламенный привет передать етіңіз, – деді.

Радионың бір қызметкер әйелі:

– Передача береміз... Сіздердің тындағандарыңыз Б-ның выступленийі деп...

Жаңадан тілі шығып келе жатқан бір бала:

– Мама я кошу хлеб с масю, – деп жылады.

Осы сияқты келеңсіз әңгімелерді өздеріңіз де күнде естіп жүрген шығарсыздар.

(Б.Момышұлы)

Тақырып 1.5 Мәдени мұра: Тілдердің үштұғырлығы.

1-тапсырма. Мәтінді оқып, тілдердің үштұғырлығы жайлы оқытушымен ой бөлісіңдер.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев үш тілді білуді міндеттеп отыр. үш тілде білім беру жүйесіне келсек, Қазақстанның әрбір болашақ жас өскіні - болашақта әлеуетті, прогресті, жан-жақты дамыған интеллектуал, эрудит болып, кез келген елдің азаматымен білім-ғылым, заманауи прогресс жолында бәсекеге қабілетті болып, тартысқа түсуі үшін үш тілді білім беру жүйесінен тәлім алуының маңызы өте зор. Президентіміз Жолдауында көрсеткендей, қазіргі кезде әлемдік ғылыми ақпараттың 90 пайыздан астамы ағылшын тілін қолдануда.

Елімізді өркениет жолына шығарамыз десек, осы көштен кейін қалмауымыз қажет. Оны түсінбейтін қазақ жоқ. Бірақ Елбасымыз көрсеткендей, бұл кезең-кезеңмен, салмақтап жүзеге асатын дүние. Қазақ: «Сабыр түбі - сары алтын» дейді, бұл жүйеге тек сабырмен, төзіммен қарап, болашақтың жарқын сәтінен үміт күтейік. Сол уақытта жаңа технологиялардың тетігін ұстайтын қазақ балалары үш тілді білім беру жүйесінен білім алғандықтан, өз ойларын бүкіл әлемге емін-еркін айтары анық.

2-тапсырма. Мәтінді орыс тіліне аударыңдар.

«Қазақстанды бүкіл әлем халқы үш тілді бірдей пайдаланатын жоғары білімді мемлекет ретінде тануы керек. Олар: қазақ тілі - мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қарым - қатынас тілі және ағылшын тілі - жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі. Басқаша айтқанда, үштұғырлы тіл идеясын мынадай әрі қарапайым, әрі түсінікті формуламен көрсетуге болады: мемлекеттік тілді дамытамыз, орыс тілін қолдаймыз және ағылшын тілін үйренеміз»

3-тапсырма.

тілдеріне аударыңдар.

1. Адам басшысы-.....
2. Нет дыма без
3. Лучше чем никогда
4. Ана сүті бой өсіреді,.....ой өсіреді.
5. Чистота залог
7. Жердің сәні егін, ердің сәні
8. Дерево крепко корнями. Человек

4-тапсырма. Сұрақтарға жазбаша жауап беріңдер.

Қазақ тілі қай тілдер тобына жатады?

Көп тілді білетін адам кім?

Тілдер мерекесі қай айда тойланады?

Сен қандай тілдерді білесің?

Қандай тілді игергің келеді?

5-тапсырма. «Менің тілім» тақырыбында шағын шығарма жазыңыздар.

Грамматикалық материал

Ауызекі сөйлеу стилі

Күнделікті қарым-қатынас, негізінен, ауызекі тілдесу арқылы жүзеге асады. Ауызекі сөйлеу барысында өзіндік мақсат, тілдік құрылым, қолданыс ерекшеліктері байқалады.

Мақсаты: кеңесу, көзбе-көз тілдесу, пікірлесу, ой бөлісу.

Қолданылу аясы: еркін әңгіме – сұхбат, дауласу, көпшілік алдында сөйлеу.

Стильдік сипаты: сөздер мен сөз тіркестерін еркін қолдану, даярлықсыз өткізілуі, ым-ишара қолдану.

Сөйлеу тілінің ерекшеліктері, тілдік амал-тәсілдері:

- лексикалық ерекшеліктері: қарапайым, бейтарап, диалект, кәсіби, ауыспалы мағынадағы бейнелі сөздер, метонимия, свфемизм еркін қолданылады;
- фонетика-морфологиялық ерекшелік: дыбыстар түсіріліп, сөздер кейде қысқартылып айтылады, оқшау сөздер мен эмоционалды- экспрессивті сөздер қолданылады;
- синтаксистік ерекшеліктер: сұраулы, лепті, толымсыз, риторикалық сұраулы сөйлемдер қолданылып, диалогке құрылады

6-тапсырма. Қазіргі таңда үш тілді білу маңызды деген ойға екі түрлі пікірді жақтап, қорытындысын кестеге жазыңыздар.

Иә. Дәлелдемелер	Жоқ. Дәлелдемелер

7-тапсырма. Екі тапсырманың бірін орындаңдар.

1. Кестені пайдаланып, ақын шеберлігін, сөзінің әсерлілігін анықтаңдар

Әсер еткен сөздер мен сөз тіркестері	Несімен әсерлі? Ақынның шеберлігі

Поэзия!

Менімен егіз бе едің?

Сен мені сезесің бе, неге іздедім?

Алауыртқан таңдардан сені іздедім,

Қарауытқан таулардан сені іздедім.

Сені іздедім кездескен адамдардан,

Бұлақтардан, бақтардан, алаңдардан.

Шырақтардан, оттардан, жалаулардан,

Сені іздедім жоғалған замандардан.

Сені іздедім досымнан, қасымнан да,

Ақша бұлттан іздедім, жасыннан да.

Сен бе дедім ақ нөсер ашылғанда,

Қызыл-жасыл шұғыла шашылғанда,

Көкжиек пен көкжиек қосылғанда.

Сені іздедім, іздеймін тағат бар ма?

Сені маған егіз ғып жаратқан ба?

(М.Мақатаев)

2 Бөлім. Менің мамандығым

Тақырып 2.1 Менің оқу орным. Электротехникалық бөлімі

1-тапсырма. Мәтінді түсініп оқыңыздар.

Қостанай жоғары политехникалық колледжі

Қостанай жоғары политехникалық колледжінің тарихы Қазақ КСР-ның Министрлер Кеңесінің қабылданған №197 Қаулысына сәйкес Қостанай қала-сында механико-технологиялық техникумы ашылатыны туралы 1971 жылынан бері басталады.

Қостанай жоғары политехникалық колледжі – Қазақстан Республикасы мен Қостанай өңірінің техникалық және кәсіби білім берудің жетекші оқу орындарының бірі.

Қостанай жоғары политехникалық колледжінің студенті болу – аса құрметті және жауапты. Біздің колледж – индустриялық даму карта (ИИДМБ) аясында кадрларды даярлау үшін еліміздің ең үздік колледждерінің ондығына енген басымды ұлттық жоба.

Қостанай политехникалық колледжінің міндеті – инновациялық және технологиялық даму орталығына және әлемдік деңгейде кадрларды даярлау орталығына айналу.

Қазіргі таңда колледж ұжымы келешекке сенімді қарап, Қазақстан Республикасы және Қостанай облысының техникалық және кәсіптік білімінің дамуына лайықты үлес қосуға ұмтылады.

2-тапсырма. Сұрақтарға жазбаша жауап беріңіздер.

1. Саған колледж ұнайды ма? Несімен?
2. Сен қандай бөлімде оқисың?
3. Ол бөлім туралы не білесің?
4. Осы саладағы мамандардың құзыреті қандай?

3-тапсырма. Ғаламтор деректері мен энциклопедиялық мәліметтерді пайдаланып, Қазақстандағы білім беру туралы мақала жазыңдар.

4-тапсырма. «Колледжге тілерім...» сөйлемді жалғастырып, ой-толғау жазыңыздар.

5-тапсырма. Ғылыми-көпшілік стильдің ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, «РАФТ стратегиясы» әдісімен колледж директорынан интервью алыңдар.

6-тапсырма. Еліміздегі білім беру туралы ойларыңды жинақтап, «ПСМТ формуласы» әдісімен жазыңдар.

1- сөйлем: «Менің ойымша, ...».

2- сөйлем: «Мен оны былай түсіндіремін: ...».

3- сөйлем: «Онымынадай деректермен, мысалдармен дәлелдей аламын: ...».

Соңғы сөйлем: «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім: ...».

Бірге жазылатын сөздер

1. Тұлғасы өзгертіліп кіріккен сөздер: бүгін (бұл күн), биыл (бұл жыл).

2. Еш, кей, бір, қай, әлде сөздерімен біріккен есімдік, үстеулер: еш- кім, біржола, әлдеқашан.

3. Терминдік мәнге ие болған атаулар: сөзжасам, баспасөз.

4. Екі-үш түбірден құралған аң-құс, жан-жануар, өсімдік және т.б. атаулары: қараторғай, бірқазан, алабота.

5. Екінші сыңары аралық, ішілік, тану деген сөздер: халықаралық, мектепішілік, абайтану.

6. Бірінші сыңары шетгілдік; екінші сыңары қазақ сөздерінен тұратын біріккен сөздер: инфрақызыл, фотосурет, автокөлік, агрошана, агроөнеркәсіп.

7. Екі-үш сөзден құралған кісі аттары мен географиялық атаулар:

Айнұр, Орынбасар, Екібастұз, Ақсу.

8. Екінші сыңары ұлы, қызы болып келген кісі тегі: Момышұлы, Сұл- танқызы.

9. Салт-дәстүр, кәде, жоралғы атаулары: атұстар, беташар, отқақұяр.

10. Бірінші сыңары зат есім, кейде етістік, екіншісі -ты (-ті, -ды, -ді) немесе -па (-пе, -ба, -бе) қосымшалы сөзден тұратын бейнелі тір- кестер: алыпқашпа (сөз), жолсоқты (болу), қағазбасты (болу), пышақкесті (тыйылу).

11. Бек, хан, мырза, құл, әлі (әли, ғали) сияқты сөздермен жасалған есімдер: Аманғали, Орынхан, Әбдуәлі, Құралбек, Рысқұл, Нұрғали.

Ескерту:

- титул мағынасындағы бек, хан, би, мырза деген сөздер бөлек жазылады: Абылай хан, Төле би, Құнанбай мырза, Құтлықтемір бек.

- ақ, қара, қызыл, қоңыр, сұр, шұбар сияқты сын есімдер аң-құс, өсімдіктердің түсін айыру үшін қолданылатын болса, бөлек жазылады: ақ аю, сұр жылан, шұбар бақа.

Бөлек жазылатын сөздер

1. Анықтауыштық қатынастағы сөз тіркестері: ағаш көпір, қой қора, қыз бала, ұл бала, асыл тас.
 2. Күрделі сан есімдер, күрделі сын есімдер: он бір, бір мың тоғыз жүз елу үш, екі жарым, қара ала, ақ құба, ақ сары, қызыл күрең, қара торы.
 3. Күрделі етістіктер; есім, еліктеу сөздермен тіркескен құрама етіс- тіктер: жаза бер, жазып отыра бер, жүгіре жөнелді, қызмет ет, жәрдем ету, шап ету, лап қою, тап беру, қол шапалақтау, ду ете түсті, баж ету.
 4. Толық мағыналы сөзбен тіркескен шылаулар: жыл сайын, сабақтан кейін, бұдан бұрын, түске шейін, бар ма екен? қалам мен қағаз, керек қой, халық та, үкімет те, сен ше?
Ескерту: ұрда-жық, аста-төк, уда-шу тәрізді лексикаланған тіркес- тер бірге әрі дефис арқылы жазылады.
 5. Негізгі сөзге тіркескен көмекші есімдер: есік алды, үй арты, көпір асты, үстелдің үсті, қала маңы.
Ескерту: атаулық мағынаға ие болған сөздер бірге жазылады: сай- лауалды (науқан), мектепалды (топ), тіларты (дыбысы), жерүсті (жұмыстар).
 6. Ндиомалық, фразеологиялық тіркестердің әрбір сөзі бөлек жа- зылады: жолы болды, қой аузынан шөп алмайды, қас пен көздің арасында, қол ұшын беру.
- 7-тапсырма.** Жақшаны ашып, сөздердің бірге не бөлек жазылу ережесіне сай дұрыс жазыңдар.

1. Бұдан бұрын (еш уақытта) Гүлсары қасқыр үнін есті- меген, лезде тұла бойы мұздап, үрей қармап қалды (Ш.А).2.Абайдың (ақ маңдайы) кейде Құнанбай жүрісі баяуласа, жол жорғасын салады да, (сары жорға) қатты тайпалып кетсе, амалсыздан желе жөнеледі (М.Ә.). 3. Қаныштың (Қазақ Ғылым академиясындағы) президенттік қасиеттерінің ең зоры – аса талантты және қажырлы, еңбекке төзімді ұйымдастырушы екендігі (М.Ә.). 4. Ана тілін ұмытқан адам өз халқының өткенінен де, болашағынан да (қол үзеді) (Ғ.М.).5. Иесі анау үйдің бұрын болған, кісі еді заманында (бақыт қонған) (А.Б.). 6. Бұл (қара сөз) Абайдың өз тұсындағы күнделікті өмір шындығына қолма-қол қатынасып, (жәрдем етсем) деген талабын көрсетеді (М.Ә.). 7. Мамырбайдың бәйбішесі маң-маң басып, (киіз үйін) қағып-сілкіп, жинатқызып жүрген еді (Ж.А.). 8. Бұлар хазіреттің қорасына кіріп, асау құнанды ат қораға байлағанда, хазірет өзі көріп, сыйлық екенін іші біліп, (үн қатпаған) болатын (М.Ә.).

Тақырып 2.2 Мамандық түрлері. Мамандық таңдау мақсатым

1-тапсырма. Мәтінді оқып, мәтіндік зерттеу жүргізіндер.

Мамандықты таңдауға ұмтылу.

Мамандық таңдау деген — өзің айналысқың келетін жұмысты таңдау ғана емес, өзің араласқың келетін ортаны да таңдау. Мамандық – қарапайым өмір сүру көзі болып табылатын және қандай да бір дайындықты, жауапкершілікті талап ететін еңбек қызметінің маңызды бөлігі. Біреулер үшін – ол ойға алған арманның орындалуы, отбасы дәстүрін жалғастыру, келесі біреулер үшін – жаңалыққа, дербестікке талпыныс, үшінші біреулерге — әйтеуір бір мамандық алу керек болған соң. Мамандық таңдау – тағдырыңды таңдау деген сөз. Кейінгі өмірде өкінбейтіндей, өз қабілеті мен бейімділігіне сай кәсіп түрін таңдау. Бұл — өте жауапкершілікті және маңызды іс. Мамандықты таңдау үшін, адам ең алдымен өзін, өз бейімділігін тануы қажет. Өз — өзіне «Мен кімін?», «Осы өмірдегі менің орным қандай?», «Қалай өмір сүремін?» деген сұрақ қоюы керек деп ойлаймын. Мамандық таңдауда әр адам өзінің қызығушылығына, қабілетіне, бейімділігіне, қалауына сүйенуі керек.

Мәтіннен негізгі ойды табыңдар.
Мәтінде қандай тосын ой кездесті?
Мәтіннен шығатын өмірлік қағида қандай?
Бұрыннан таныс және таныс емес ақпараттарды белгілеңдер.

2-тапсырма Жағдаяттық сұрақтар

А) Сен өзіңе ұнаған мамандықты таңдадың, бірақ ол мамандыққа ата-анаң қарсы. Сен не істер едің?

Ә) Ата-анаң саған бір мамандықты таңдап берді, бірақ ол мамандық саған ұнамады. Сен ата-анаңның шешіміне қарсы боласың ба?

3-тапсырма. «Әңгімелесетін әріптер». Бұл жаттығудағы негізгі мақсат студенттерге мамандық түрлерін таныстыру. Әр әріптен басталатын мамандық атауын жазып, сөйлем құрастырыңдар.

А, Д, Ж, И, С, З, Ш, Т, М, Э

4-тапсырма. Берілген екі тақырыптың бірін таңдап, эссе жазыңдар.

1) Мен таңдаған мамандық (электромеханик мамандығы туралы)

2) Мамандық таңдау - жүрек қалауы

5-тапсырма. Берілген мәтінді оқып, диалог құрастырыңдар.

Мамандық таңдау - өте жауапкершілікті және маңызды іс. Мамандық таңдауда әр адам өзінің қызығушылығына, қабілетіне, бейімділігіне, қалауына сүйену керек. Қазіргі таңда мамандықтың түрі көп. Таңдау жасау оңай емес. Ең бастысы - адам еңбекке қабілетті, зейінді болуы қажет және оның мамандығы өзі өскен ортаға маңызды, бағалы үлес қосатындай болуы шарт. Өз ісіне сенімді, дұрыс таңдау жасаған адам ғана жетістікке жетеді. Өзінің сұранысын, қызығушылығын жоймаған кең тараған мамандықтарға дәрігер, мұғалім және құрылысшы мамандықтарын атап өтуге болады. Ал, өзекті мамандықтар қатарына жоғары технология, байланыс, коммуникация, әлеуметтік орта, экономиканы басқару мамандықтары және еңбек сұранысына қажетті жаңа мамандықтар жатады. Қоғамның дамуында мамандық иелерінен жоғары кәсіби біліктілікті, коммуникативтік қабілетті, еңбек етуге деген сүйіспеншілікті, қызығушылықты, өз мамандығы бойынша біліктілігін арттыруға даяр болатын мамандық иесін талап етеді. Сондықтан икемі, қызығуы, бейімі бар мамандықты таңдай білу, өзіне, қоғамға тигізетін пайдасын ойлау, мұндай еңбектен шабыт туатыны, ол өнімді еңбекке ұласып, табыс әкелетінін білу керек.

Қосымшалардың жалғануы

- 1) *қосымшалар сөздің соңғы дыбысының, буынының әуенімен үндесіп, бірге жазылады: біл-ім-ді, дарын-ды, парасат-ты т.б.*
- 2) *-бан, -гер, -кент, -хана, -стан, -еке, -жан, -қар, -кеш, -дар, -көй, -гөй, -қор, -қой, -мар, -маш, -нікі (-дікі, -тікі), -паз, -тал, -уар, -мен (-бен, -пен) қосымшалары буын үндестігіне бағынбайды: мейірбан, еңбекқор, өнерпаз, тілмаш, сөзуар, ділмар, қаскөй, Асеке т.б.*
- 3) *жалқы есімдер й, ш дауыссыз дыбыстарына аяқталса, -ев (-ева); басқа дауыссыз дыбыстарға аяқталғанда, -ов (-ова); дауыстыларға аяқталса, -ин (ина) қосымшалары жалғанады: Сәтбай+ев – Сәт- баев, Бегалы+ин – Бегалин, Шахан+ов – Шаханов.*
- 4) *-ов, -ев жұрнақтары арқылы жасалған фамилияларға қосымша түбірдің соңғы буынының жуан-жіңішкелігіне қарай жалғанады: С.Жүнісовке, С.Исаевтың.*
- 5) *әріптерден қысқарған сөздерге қосымшалар оның айтылу әуеніне қарай, ал олардың ішінде дауысты дыбыс болса, сол дыбыстың айтылу әуеніне қарай дефис арқылы жуан не жіңішке болып жал- ганады: ПМПИ-ге, ПМУ-дың, ТУ-144-ке.*

6) күнә, кінә, шұба, куә, іңкәр, күмән, Күләш, Күлән сияқты соңғы буынында жіңішке ә әрпі жазылатын сөздерге қосымшалар жіңіш-ке жалғанады, тек барыс, жатыс, шығыс жалғаулары мен етістік тудыратын -ла жұрнағы жуан айтылып, жуан жалғанады: кінәсіз, кінәлі (кінәсіна, кінәлау), куәсі, куәлік (куәға, куәдан), Күләштің (Күләшқа, Күләштан).

7) б, в, г, д дыбыстарына аяқталатын сөздерге дауыссыз дыбыстан басталатын қосымшалар тек қатаң дыбыстан басталып жалғанады: штаб-тан, педагог-тер, парад-қа, актив-ке, резерв-тік.

8) ст, сть, зд, сс, лл, мм, тт дыбыстар тіркесіне біткен сөздер түбір күйінде ешбір өзгеріссіз жазылады да, оларға қосымшалар жалғанғанда, түбірдегі соңғы дауыссыз түсіріліп жазылады: трест – трес-тің, трес-іне; ведомость – ведомос-қа, ведомосы; саезд – саез-ге, саез-інің; металл – металдар; грамм – грамы; прогресс – прогреске. Алайда жалқы есімдерде сақталып жазылады: Донбасс – Донбасстан, 7римм – 7риммге.

9) ауыл, дауыс деген бірен-саран сөздерге тәуелдік жалғауы жалғанғанда, дыбысталу ыңғайына қарай ы, і әріптері түсіріліп те, түсірілмей де жазыла береді: ауылы, аулы, дауысы, даусы.

10) п, х дыбыстарына аяқталатын кірме сөздерге дауыстыдан басталған қосымша жалғанғанда, п, х дыбыстары ұяңдамайды: прин-цип – принципі, тип – типі, цех – цехы, тарих – тарихы.

11) нд, мп, кт, мб, ск, фт дыбыстарына аяқталған кірме сөздерге қосымша жалғанғанда, түбір мен қосымшаның аралығына дәнекер ы, і әріптерінің бірі жазылады: штамп+ы+лау, факт+i+ге.

12) Ог, уг, рк, рг, нк, нг, кс, кт, ск, нкт, кль, брь, бль дыбыстарына аяқталған кірме сөздерге жіңішке қосымша жалғанады: геологі, педагогтер, ансамбльге, пункті.

13) орыс тілінен енген бірқатар кірме сөздер дыбысталуы қазақша қалыптасқан түрінде жазылады да, қосымшалар сөздің соңғы буынының жуан-жіңішкелігіне қарай жалғанады: облыс-қа, пойыз-ға, бәтеңке-ге, бөшке-ні, зауыт-қа, тауар-ды.

14) жіңішкелік белгісіне аяқталған сөздерге қосымша буын үндестігі бойынша жалғанады, дауыссыз дыбыстан басталатын қосымша жалғанса, ь сақталады; дауысты дыбыстан басталатын қосымша жалғанса, ь түсіп қалады: лагерьге (лагері), дизельді (дизелі).

Ескерту: ль дыбысына аяқталған соңғы буыны жуан сөздерге дауысты дыбыстан басталатын қосымша жіңішке; дауыссыз дыбыстан басталатын қосымша жуан түрде жалғанады: магистралі (магис-тральда), фестивалі (фестивальға).

6-тапсырма. Көп нүктенің орнына емле ережесіне сай тиісті қосымшаларды жалғап, жаттығуды көшіріңдер.

1. Жапсарына өрнек жүргізілген көк бояулы оң қабырға- дағы үлкен қара сағат күмбір-күмбір қоңырауын соғып, вес- тибюль... жаңғыртып әкетті (С.Ш.). 2. Етекпен жоғары қарай жамырай тартқан қалың қарағайлар да мына альпинис... ұқсап бетті биікке сілтеген (С.Ш.). 3. Он қадамдай алда асфальт... шағылысқан күн сәулесі қашқан қоянның құй- рығы тәрізді, айнымас бір қашықтықта шапшаң ілгері сыр- ғанап, толқи зырлайды (С.Ш.). 4. Кемпір шалына кінә... қарап отырды да, астыңғы ернін тістеп алып, қолындағы көктеп отырған дүниесімен әуре бола берді (Ш.А.). 5. Алла тағалам сендерге бір бала беріп, соның іңгә... жылаған дау- сын естісем, арманым жоқ (Ш.А.). 6. Құтжан өлген соң, осы көктемде жұрт Жексенді кінә... бастады (М.Ә.). 7. Қарқара- лы деген округ... әміршісі – Құнанбай мен осы Майыр (М.Ә.).

8. Жер бетінің 70%-... астамын су басып жатыр. Кей жерде мұхиттың тереңдігі 10 км-... асады.

(«Сұрақ және жауап энциклопедиясынан»)

7-тапсырма. Бүгінгі өткен тақырып бойынша, ойларыңызды жазыңыздар.

Мен үшін жаңалық болған 3 мәселе	Менің назарымды аударған 1 нәрсе	Мен сенімсіздік танытқан салаға қатысты 2 сөз

Тақырып 2.3 Менің болашақ мамандығым – электромеханик

1-тапсырма. Мәтінді түсініп оқып шығындар. Негізгі ойды анықтаңыздар.

1302000 «Автоматтандыру және басқару» мамандық иесі ақпараттық және басқару жүйесіндегі автоматтандырылған жұмыстарды, техникалық және ақпараттық жүйелерді басқару және басқарудың барлық бағыттары бойынша қозғалыстағы объектілерді, автономды жүйелерді, технологиялық желілерді және үдерістерді басқарудың барлық салаларында ақпаратты өңдеу әдістерін қолдану арқылы материалдарды, ақпаратты түрлендіру, қабылдау, айырбастау, энергияны беру және пайдалану деген сияқты жұмыстармен айналысады.

Бұл маманның міндеттеріне автоматтандырылған өндіріс жүйелерін жасау, құру және пайдалану; технологиялық процестерді, техникалық жүйелерді және жоғары технологиялық зерттеу объектілеріне талдау жасау, болжау және басқару әдістері кіреді.

Бітірушілердің кәсіптік қызмет объектілеріне әртүрлі салалардағы автоматтандырылған үдерістердің басқару жүйелері, түрлі мақсаттар үшін автоматтандырылған ақпараттық басқарулық жүйелері, деректерді қабылдау, өңдеу және жобалау жүйелері, объектілердің түрлі салаларындағы технологиялық дайындаудың автоматтандырылған жүйелері, кешенді тестілеу жүйесі, өнімдер, компоненттер және түрлі салалардағы құрылғылар жатады.

Мәтіндегі мына сөздердің мағыналарын жазындар.

Автоматтандырылған жұмыстар _____

Ақпараттық жүйе _____

Технологиялық процес _____

Зерттеу объектілері _____

2-тапсырма. Мәтінде не туралы айтылған? Өз ойыңды орыс тілінде жазындар.

3-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріндер.

1. Сенің мамандығың қандай?

2. Сен өз мамандығың туралы не білесің?

3. Мамандық таңдамауыңның себебі неде?

4. Сенің мамандық таңдауыңа кім әсер етті?

5. Штатты түрде ме, әлде қашықтықтан оқу түрі ұнайды ма? Неге?

4-тапсырма. Бұл тапсырманы орындау үшін студенттер өзі келісетін, келіспейтін тұжырымдарды таңдап алып, пікірлерін ортаға салады.

1. Мамандық бір-ақ рет және біржола таңдалады.

2. Мамандық таңдау қалтаның қалыңдығына байланысты.

3. Мамандық таңдау адамның қабілетіне, бейімділігіне тікелей байланысты.

4. Отбасы мен достарыңның ақылына сүйеніп мамандық таңдауға болады.

5. Қартайғанда да мамандық таңдауға болады.

6. Жақсы білім алу үшін, қымбат оқу орнына түсу керек.
 7. Ақша болса, мамандық қажет емес.
 8. Мамандық таңдауда психологтың көмегі қажет.
 9. Мамандық таңдаудағы басты өлшем – қызығу мен қоғамдық сұраныстың сәйкестігі.
 10. Таңдайтын мамандығымды болашақ табысым айқындайды.
 11. Мамандық таңдау – күнкөріс қамы.
- Грамматикалық тапсырма.

5-тапсырма. Екі тапсырманың біреуін таңдаңдар

А) «Мамандық» сөзін тәуелдеңдер.

Ә) «Мамандықтарымызды» сөзін сөз құрамына талдаңдар

6-тапсырма. «Салыстырмалы карта» әдісімен «Кешегі студент - бүгінгі маман» тақырыбын талқылап, сұхбаттасыңдар. Мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды талдаңыздар.

Бүгінгі студент	Ертеңгі маман

7-тапсырма. Мәтінді азатжолдарға бөліп, ақпаратты дұрыс жүйелеп, стильдік түзетулер енгізіп, редакциялаңыздар.

Жазғы уақыттары өңірлерде жауын-шашын нормадан әлдеқайда көп түсіп, күн салқындау болды. Әрине, жазда жауын-шашын керек, алайда төменгі температура мен күн қызуының жетіспеушілігі астық дақылдарының толық пісіп жетілуіне мүмкіндік бермеді. Сосын биылғы жылдың күзгі уақытында да жауын көп болды, жиын-терімді қиындатып тастады. Нәтижесінде Солтүстік Қазақстан және Қостанай облыстарының жекелеген аудандарында жиын науқаны әлі күнге жалғасуда, Ақмола облысындағы екі аудандағы күзгі жұмыс аяқталуға жақын.

(ҚазАқпарат)

Тақырып 2.4 Өндірістік тәжірибеде

1-тапсырма. Төменде берілген мәтінді оқыңыздар.

Өндірістік тәжірибеде

Студенттерді теориялық оқытумен қатар кәсіби дайындауға көп көңіл бөлінген. Бұл өтілген теориялық материалды пысықтауға, тәжірибелік дағдыға иемденуге, сондай-ақ өндірістік технологиялық процестермен басқаруда шешім қабылдау үшін қажетті интуицияны нығайтуға мүмкіндік береді. Тәжірибелердің мақсаты мен көлемі кәсіптік оқытуға дайындау бағыттары (мамандық бойынша) бойынша мемлекеттік білім беру стандарттарына сәйкес анықталады. Студенттер тәжірибесі оқу бағдарламасының міндетті құрамды бөлігі болып табылады және де ол келесі түрлерді қамтиды:

- Оқу-танымдық;
- Өндірістік
- Диплом алды

Өндірістік тәжірибе студентке өз таңдауының дұрыстығына нақты көз жеткізуіне мүмкіндік береді. Тәжірибені жүргізу барысында ол өзінің кәсіби шеберлігін тексере алады. Сонымен қатар өндірістік тәжірибе кәсіпорын жетекшісіне жаңа кадрлармен, егер де олар колледжді аяқтаған соң өздеріне жұмысқа шақыруға лайықты болса, олармен танысуға көмектеседі. Студент өнеркәсіптегі жұмысы кезінде шынайы оқығаны үйренуге және де оқудағы алған білімін тексеруге мүмкіндігіне ие. Ол өздігінен тәжірибе жетекшісі алдындағы өз шешімінің дұрыстығын негіздей отырып шешім қабылдай алады.

Болашақ маман субординацияға, ұжымдық жұмысқа үйренеді, кәсіби тілдесу дағдыларын алады. Колледж қабырғасында теориялық курсты өтіп және тәжірибелік білімді игерген студенттер дәл осы өнеркәсіп жағдайынан кәсіби білімді иемденеді. Кәсіпорындағы тәжірибе – дипломдық жұмыс тақырыбын таңдап, оны жазуға және де лайықты қорғауға арналған деректі материал жинақтауға керемет себеп. Өндірістік тәжірибе барысында студент өндірістік тапсырмалардың орындалу жолдары хронологиялық ретпен бейнелетін күнделік арнауы тиіс сондай-ақ ол бақылаулар, өлшеулер және де басқа өздігінен орындалған жұмыстар туралы мақлұматты жазып отыруы тиіс.

Студенттерді тәжірибеге жіберу колледж директорымен бекітілген бұйрығы негізінде жүзеге асырылады. Кәсіпорынмен келісімшарт жасау кезінде студент бастама білдірсе, сәйкесінше өндірістік-технологиялық тәжірибені сол ұйымда өтеді, кейін жұмысқа сол жерге орналаса алады

Тәжірибе барысында студент міндетті:

- Тәжірибе бағдарламасында қарастырылған барлық тапсырманы толықтай орындауға;
- Кәсіпорындағы ішкі тәртіп ережелеріне бағынуға;
- Еңбекті қорғау мен өнеркәсіп қауіпсіздік ережелерін қатаң орындауға;
- Тәжірибе жетекшісіне жазбаша есеп беру мен «студенттің тәжірибе күнделігін» әкелуге және оны қорғауға.

2-тапсырма. Берілген сөздердің аудармасын мәтіннен тауып жазыңдар:

Правильность своего выбора, во время практики, профессиональные навыки, руководитель практики, зовет на работу, получают знания, решение приняты, имея профессиональные знание, выбор темы дипломной работы, записываем информацию в дневник, распоряжение директора, договор с предприятием, возможность там работать, достойна защитит, студенты освоющие практическое знание, пути выполнения производственных работ.

3-тапсырма. «Дербес пікір» жазу тәсілін қолданып, студент өндірістік тәжірибе өзін қалай ұстау керек деген сұрақ бойынша ойды жинақтап, өз пікіріңізді жазыңыздар.

1. Өзіндік пікір – бір сөйлем.
2. Дәлел – екі сөйлем.
3. Өз пікірін дәлелдейтін мысал – екі сөйлем.
4. Өз пікіріне қарсы пікір – бір сөйлем.
5. Қорытынды – екі сөйлем.

4-тапсырма. Берілген сөздермен сөйлем құрастырыңдар.

Колледж директоры, ұқышты студент, тапсырмаларды орындау, кәсіби білім, дипломдық жұмыс, болашақ маман.

5-тапсырма. Төменде берілген кісі аттарына -ев, -ева, -ов, -ова, -ин, -ина қосымшаларының тиістісін жалғаңдар.

Құнанбай, Айтолды, Амангелді, Сейфолла, Иса, Алтын- сары, Қанапия, Аманша, Баймырза, Ғарифулла, Байғали, Байділда, Әбілғазы, Аманғали, Есенәлі, Әбіш, Ақтан, Ысқақ, Жүніс, Бектұр, Әбу, Жүсіп, Сайранбай, Құдайберді, Қасен, Жұмабай, Оралбай, Қали, Көбей, Дулат, Мырзабек, Бай- мырза, Бекқожа.

6-тапсырма. Кестені толтырыңыздар.

Мысалдар	Тыныс белгілерінің қойылу мәні
– Ауа райын тыңдадың ба?..	
Хлыновский: – Токтат, атпа!.. Шегін... төмен қарай! – деп бұйрық етіп, қамалған топтың алдын ықтай жө- нелді (М.Ә.).	
«Ғұмырлы бол, шырағым!» – деп күбір етті қарт (Ә.Т.).	
– Ой, айналайындар, шаршап қалған боларсың- дар? Қарындарың ашқан шығар? Үйге кірің- дер!..	
– Дәу жігіт-ау, бұл заман не боп барады?! – деп аңыраған Зылиқа құстай ұшып, Нартайдыбас салды... (Қ.Ж.).	

7-тапсырма. Борт журналын» толтырыңыздар

Берілген тақырып бойынша маған не белгілі? Мен не білемін?	Мәтіннен қандай жаңалық туралы білдім?

Тақырып 2.5 . Қауіпсіздік техникасын сақтау және еңбекті қорғау

1-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Оқытушының көмегімен орыс тіліне аударыңдар.

Қауіпсіздік және еңбекті қорғау - мемлекет, жұмыс беруші, жұмысшылар тарапынан өзіне тұрақты көңіл бөлуді талап ететін маңызды әлеуметтік-экономикалық мәселе болып табылады.

Еңбекті қорғаудың қалыптасуының мақсаты - жұмысшылардың денсаулығын және өмірін сақтау. Адамдар - ең құнды ресурс болып табылады, сондықтан адам өміріне қамқорлық жасау және сақтау кәсіпорынның жұмыс берушілерінің (басшыларының), барлық меншік иесі нысандарының ұйымдарының басты міндеті болып табылады. Еңбекті қорғаудың жоғары деңгейі - адам денсаулығының және өмірінің сенімді кепілі.

2-тапсырма. Берілген сөздермен сөйлем құрастырыңдар.

Сөздер	Сөйлемдер
Қауіпсіздік техникасы ережелері	
өндірісте	
қиын жағдай	
жұмыс беруші	
қателіктер жіберсе	
еңбек жағдайлары	

3-тапсырма. Берілген мәтінмен танысып, орыс тіліне аударыңдар.

Қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша жоспар (бұдан әрі - ҚЖЕҚ) келесі іс-шараларды қамтиды:

- Материалды бекіту үшін, сондай-ақ оны жұмыста қолдану үшін желілік қызметкерді техникалық оқытудан өткізу.
- Қауіпсіздік техникасы ережелерін, тұтынушылардың электр қондырғыларын пайдалану ережелерін сақтау; жарақаттануды және жазатайым жағдайды болдырмау мақсатында қызметкердің білімін біліктілік тексеруден өткізу.
- Қауіпсіздік техникасы бойынша қателіктерді болдырмау және қайталау мақсатында жұмыс орнында нұсқаулық өткізу.
- ҚЖЕҚ саласындағы міндеттер үшін жауапты мамандарды ҚЖЕҚ бойынша уақтылы оқытудан өткізу.
- Қауіпсіздік шараларын сақтау, сондай-ақ мұндай жағдайларды болдырмау мақсатында жіберілген жазатайым жағдайлар бойынша техникалық кеңестер және талдау жүргізу.
- Санитарлық нормаларды және ережелерді, есептеуіш техникаларда жұмыс кезіндегі ережелерді сақтау, кемшіліктерді анықтау және уақтылы жою мақсатында жұмыс орындарында (аралау, тексеру) іс-шаралар өткізу.

- Қолайлы еңбек жағдайларын жасау бойынша іс-шаралар өткізу.
- Слесарлық-монтаждық аспаптарының сапалы сынақ өткізуі және бақылау.
- Қызметкерге жұмысқа рұқсат беру мақсатында міндетті медициналық қарауды ұйымдастыру және өткізу.

4-тапсырма. «Қауіпсіздік техникасын сақтау» тақырыбында диалог құрастырыңдар.

5-тапсырма. Берілген зат есімдерді сызба бойынша талдандар:

Жұмысшылар, денсаулығының, медициналық, мақсатында, кемшіліктерді

1. Құрам (түбір, жұрнақ, жалғау санайсыздар)
2. Туынды/негізгі
3. Дара/күрделі
4. Лексикалық мағынасы
5. Грамматикалық мағынасы (сөз құрамына талдау)
6. Сұрағы
7. Сөз таптарының түрлері

6-тапсырма. Қауіпсіздік техникасын сақтау және еңбекті қорғау туралы түсінгендеріңді «БББ» әдісімен қорытындыландар

Б (Мен не білемін?)	Б (Менің не білгім келеді?)	Б (Мен не білдім?)

7-тапсырма. Төмендегі сөйлемдерден бірге жазылған күрделі сөздерді тауып, ережесін түсіндіріңіздер.

1. Күн батар алдында да балықшы жігіт сыртқа әлденеше рет шығып, жар басынан теңіз жаққа көз салғанды (Ә.Н.).
2. Балықтың келуі мен кетуі жайында да ұзақ-ұзақ ойлап, әрқашан уақыттың қалай өткенін білмей қалатын (Ә.Н.).
3. Бірталай қалың көшті арттарына салып ап, тура Қарашоқының тоғайлы өзеніне кіріп, соны өрлеп келеді (М.Ә.).
4. Ұзамай Сейдахмет қалаға барады, ақшаның көбі қалалы жерде жұмсалады ғой (Ш.А.).
5. Былайғы күндері тап осы сәттері Ыстықкөлде ақ кеме көрінетін. (Ш.А.).
6. Абай Құлабестінің басын Көлқайнар жаққа бұра бере, қамшы басты (М.Ә.).
7. Шың- ғыстың қара желі өзге уақыттың бәрінде жақсы болғанымен дәл күздігүні жайсыз-ақ (М.Ә.).
8. Абай өз әкесінің өзге атқамінер атаулыдан мықты, қайратты екенін сезеді (М.Ә.).

Тақырып 2.6 Автоматтандыру жайлы ұғым

1-тапсырма. Төменде берілген мәтінді оқыңыздар.

Автоматтандыру — техникалық құрал-жабдықтарды, сондай-ақ энергияны, материалды және ақпаратты алу, түрлендіру, жеткізу (тасымалдау), пайдалану процестеріне адамның тікелей не ішінара қатысуын босататын экономикалық-материалдық тәсілдермен басқару жүйесін пайдалану. Онда:

1. технологиялық, энергетикалық, көліктік, өндірістік процестер;
2. күрделі агрегаттарды, кемелерді, өндірістік құрылыстармен кешендерді жобалау;
3. цехты, мекемені, сондай-ақ әскери құрамалар мен бөлімшелерді ұйымдастыру, жоспарлау және басқару;
4. ғылыми зерттеулер, медициналық және техникалық диагностикалау, статистика деректерін өңдеу және есепке алу, бағдарламалау, инженерлік есептеу т.б. автоматтандырылады.

Автоматтандырудың мақсаты — еңбек өнімділігі мен өнім сапасын арттыру, жоспарлау, басқару жұмыстарын тиімділендіру, денсаулыққа зиянды жұмыстан адамды босату. Автоматтандыру ғылыми-техникалық прогрестің басты бір бағыты саналады.

Тарихы

Ең алғашқы кері байланысты басқару механизмі грек инженері Ктесибий (285-222 жж. б.з.д.) ойлап тапқан су сағаттары болды. 1620 жылы голландтық ғалым Корнелия Дреббел (1572-1633 жж) термостатты ойлап тапты. (Ескерту: Одан бұрынғы термостаттар тұрмыстық техникаларда кең таралған емес, температура реттегіштері немесе контроллерлері ғана болды.) Жел диірмендерінің шатырларында басқа басқару тетігі қолданылған. Оны 1745 жылы Эдмунд Ли патенттеп алған. Сондай-ақ 1745 жылы Жак де Вокансон (1709-1782 жж) алғашқы автоматтандырылған тігін машинасын жасап шығарды. Ең алғашқы толықтай автоматтандырылған диірменді 1785 жылы Оливер Эванс (1755-1819) ойлап тапты.

2-тапсырма. Мәтіннен тірек сөздерді теріп жазып, мағынасын анықтаңыздар.

3-тапсырма. Өндірісті толықтай автоматтандыру неге әкеліп соқтырады? Оның жұмыссыздыққа әсері бар ма? Ой бөлісіңіздер.

4-тапсырма. Автоматтандырудың артықшылығы неде? Кем дегенде 2 дәлел келтіріп, өз ойларыңызды жазыңыз.

5-тапсырма. Төменде берілген әр сөйлемді өз сөзіңізбен қайта жазыңыз. Сөйлемдерді берілген сөздермен бастаңыз.

Мысалы: Ең алғашқы кері байланысты басқару механизмі грек инженері Ктесибий (285-222 жж. б.з.д.) ойлап тапқан су сағаттары болды.

Грек инженері

Жауабы: Грек инженері Ктесибий (285-222 жж. б.з.д.) ойлап тапқан су сағаттары ең алғашқы кері байланысты басқару механизмі болып табылады.

1. Автоматтандырудың мақсаты — еңбек өнімділігі мен өнім сапасын арттыру, жоспарлау, басқару жұмыстарын тиімділендіру, денсаулыққа зиянды жұмыстан адамды босату.

Еңбек өнімділігі мен өнім сапасын арттыру, ____

2. Автоматтандыру ғылыми-техникалық прогрестің басты бір бағыты саналады.

Ғылыми -техникалық ____

6-тапсырма. «Дербес пікір» жазу тәсілін қолданып, мәтін мазмұны бойыша пікірлеріңізді жазыңыздар.

1. Өзіндік пікір (идея) – бір сөйлем.
2. Дәлел – екі сөйлем.
3. Өз пікірін дәлелдейтін мысал – екі сөйлем
4. Өз пікіріне қарсы пікір – бір сөйлем.
5. Қорытынды – екі сөйлем.

7-тапсырма. Мәтіндегі негізгі ойды 3-4 сөйлеммен жазыңыздар.

Тақырып 2.7 Өндірістік автоматтандыру

1-тапсырма. Мәтінді түсініп оқыңыздар.

Өндірістік автоматтандыру – машиналық өндірістің дамуы барысында бұрын адам атқарып келген басқару және бақылау жұмыстарын приборлар мен автомат құрылғыларға жүктеу процесі.

Өндірістік автоматтандыру – осы заманғы өндірісті дамытудың негізі әрі техникалық прогрестің ең басты бағыты. Өндірістік автоматтандырудың жарым-жартылай, кешенді және толықтай автоматтандырылған түрлері бар. Өндірісті жарым-жартылай автоматтандыру өте күрделі әрі тез өтетін процестерді адамның тікелей басқаруы мүмкін болмайтын жағдайларда пайдаланылады. Басқару жұмыстарын автоматтандыру өндірісті жарым-жартылай автоматтандыруға жатады. Өндірістік автоматтандыру процесі кезеңінде телім, цех, зауыт, электр станциялар өзара бір-бірімен байланысқан автоматты кешен ретінде жұмыс істейді. Кешенді автоматтандыру кәсіпорынның, шаруашылықтың, қызметтің негізгі өндірістік жұмыстарын түгелдей қамтиды.

Адам бұл жағдайда жалпылама бақылау жұмыстарымен ғана айналысады. Өндірісті толықтай автоматтандыру өндірісті басқару мен бақылау жұмыстарын түгелдей автоматтандырылған жүйелерге жүктейді. Бұл процесс – автоматтандырудың ең жоғары сатысы. Өндірісті толықтай автоматтандыру іске қосылатын өндіріс рентабельді, жұмыс ырғағы ылғи бір қалыпты және әр түрлі ауытқуларды алдын ала болжап, есепке алу мүмкін болатын жағдайларда, сондай-ақ адамға қауіпті және денсаулығына зиянды өндірістерде іске асырылады. Өндірістік автоматтандырудың негізі басқарылушы нысанның заңдылықтарын тиімді түрде зерттеу әдістерін жасау, басқару әдістерінің экономикалық тиімділігін анықтау және автоматтандыру құралдарын жасаудың инженерлік әдістерін табу секілді мәселелерден құралады. Белгілі мақсатқа жету үшін таңдалып алынған тиімді басқару әдістері мен оны іске асыратын техникалық құралдар автоматтандырылған басқару жүйесін (АБЖ) құрады. Осы заманғы АБЖ-ның құрамына сигналдар тудыру құрылғылары, логикалық және математикалық өңдеулерден өткен ақпаратты қабылдау және қайтарып беру, белгілі болған ақпараттарды адамға хабарлау, басқару сигналдарын тудыру және жұмыстық құрылғылар кіреді.

2-тапсырма. Мәтіндегі негізгі ойды 3-4 сөйлеммен жазыңыздар.

3-тапсырма. Мәтіндегі термин және тірек сөздердің мағынасын ашыңыз:

- Өндірістік автоматтандыру-
- Жарым-жартылай автоматтандыру –
- Автоматтандырылған басқару жүйесі –
- Жұмыс ырғағы -
- Ауытқулар –
- Экономикалық тиімділік –

4-тапсырма. Кешенді автоматтандыру дегеніміз не? Мәтіндегі ақпараттарға және қосымша деректерге сүйене отырып, постер құрастырыңыз және оны қорғаңыздар.

5-тапсырма. Берілген сөз тіркестерімен сөйлем құрастырыңыздар.
Өндірістік автоматтандыру, автоматты кешен, толықтай автоматтандыру, ақпаратты қабылдау.

6-тапсырма. Асты сызылған сөздерді сөз құрамына талдаңыздар.
Өндірісті толықтай автоматтандыру өндірісті басқару мен бақылау жұмыстарын түгелдей автоматтандырылған жүйелерге жүктейді. Бұл процесс – автоматтандырудың ең жоғары сатысы. Өндірісті толықтай автоматтандыру іске қосылатын өндіріс рентабельді, жұмыс ырғағы ылғи бір қалыпты және әр түрлі ауытқуларды алдын ала болжап, есепке алу мүмкін болатын жағдайларда, сондай-ақ адамға қауіпті және денсаулығына зиянды өндірістерде іске асырылады.

7-тапсырма. Мәтін бойынша түйінді түйінді ойларыңызды қорытындылаңыздар.

Тақырып 2.8 Электротехникалық материалдар, құрал мен жабдықтар

1-тапсырма. Мәтіннің мазмұнымен танысыңыз.

Электромагниттік өрістердегі белгілі бір жай-күйлермен сипатталатын және техникада осындай сипаттамаларға сәйкес қолданылатын материалдар электротехникалық материалдар деп аталады. Электротехникалық материалдарға өткізгіштер, жартылай өткізгіштер, қатты, сұйық және газ тәрізді фазалардағы диэлектриктер, магниттік материалдар жатады. Электротехникалық материалдар арнайы және магнитті қасиеттері үшін арналған электр энергиясын өндіру, беру, қайта өңдеу, сондай-ақ тұтыну үшін қолданылатын өнімдер.

2-тапсырма. Сөз тіркестерін сәйкестендіріңіз.

Заманауи жүйелерін	фазаларда
Электротехникалық	қасиеттері
магнитті	өндіру
талдау	аспаптар
еңбек	жүргізу.
монтаждық	жағдайлары
электр энергиясын	жобалау
газ тәрізді	материалдар

3-тапсырма. Келесі сызба бойынша сөйлем құрастырыңыз.

- А) _____ қамтамасыз етеді.
Ә) _____ электр энергиясы _____.
Б) Электротехникалық материалдар _____.
В) _____ қуатты қондырғыларды _____.

4-тапсырма. Тақырып бойынша қандай терминдер мен тірек сөздерді білдіңіздер? Оларды пайдалана отырып, өзара диалог құрыңыз.

5-тапсырма. Тақырып бойынша түйінді ойларыңызды қорытындылаңыз.

Берілген тақырып бойынша маған не белгілі? Тақырып бойынша қандай жаңа мәлімет алдым?

6-тапсырма. Мәтіннен күрделі сөздерді тауып, жасалу жолын анықтаңыздар.

7-тапсырма. Қосымша ақпарат көздерін пайдалана отырып, тақырып бойынша постер құрастырыңыздар және оны қорғаңыздар.

Тақырып 2.9 Автоматтандыру аспаптары мен құралдары

1-тапсырма. Мәтінді оқыңыз. Әр азатжолдағы негізгі ойды анықтаңыз.

Автоматтандыру құралдары мен аспаптары - әртүрлі техникалық құралдардың жиынтығы. Реттеу, бақылау және басқару мақсатында ақпаратты қабылдауға, түрлендіруге және пайдалануға арналған өлшеу және автоматтандыру құралдарын қамтиды.

Аспаптардың жіктелуі

Автоматтандыру құралдары мен құралдары бірқатар белгілер бойынша жіктелуі мүмкін. Әртүрлі технологиялық өндірістер мен басқа да объектілерде ең жиі өлшенетін шамалар қысым, температура, деңгей және шығын — барлық өлшемдердің 80% - ға жуығы болып табылады. Қалған 20% оптикалық, электрлік, жылдамдық және басқа шамаларды өлшеуге келеді. Осылайша, негізгі жіктеу — аспаптарды өлшейтін шамалардың түрлері бойынша градациялау, яғни механикалық, магниттік, электрлік, жылу және басқа да физикалық шамалар.

Аспаптарға өлшенетін шаманың түрі бойынша жіктеу беріледі: температура T , қысым P , шығын F , L деңгейі, Q затының саны және т. б. Өлшеу аспаптары салыстыру аспаптарына және тікелей бағалау аспаптарына — өлшенетін шаманың түрлендіру белгісі негізінде бөлінеді. Өзгерістің сипаты бойынша тасымалданатын және стационарлық. Көрсететін, жиынтықтайтын және тіркейтін аспаптар — өлшенетін шаманы есептеу тәсіліне байланысты жіктеу.

2-тапсырма. Негізгі тірек сөздер мен термин сөздерді теріп жазып, мағыналарын анықтаңыз.

3-тапсырма. Автоматтандыру құралдары қалай жіктеледі? деген тақырып төңірегінде екіара диалог құраңыз.

4-тапсырма. Берілген сөздерді қатыстырып, сөйлемдер құрастырыңыз.

Реттеу, басқару, бақылау, қабылдау, түрлендіру, пайдалану, өлшеу.

5-тапсырма. «Өндірісті автоматтандыру барысында кездесетін мәселелер және оларды шешу жолдары» тақырыбына шағын мақала жазыңыз.

6-тапсырма. Төменде берілген әр сөйлемді өз сөзіңізбен қайта жазыңыздар. Сөйлемдерді берілген сөздермен бастаңыздар.

Мысалы: Автоматтандыру құралдары мен аспаптары – әр түрлі техникалық құралдардың жиынтығы.

Әр түрлі техникалық _____

Жауабы: Әр түрлі техникалық құралдар жиынтығы автоматтандыру құралдары мен аспаптары деп аталады.

1. Өлшеу аспаптары салыстыру аспаптарына және тікелей бағалау аспаптарына — өлшенетін шаманың түрлендіру белгісі негізінде бөлінеді.

Өлшенетін шаманың түрлендіру _____

2. Көрсететін, жиынтықтайтын және тіркейтін аспаптар — өлшенетін шаманы есептеу тәсіліне байланысты жіктеу.

7-тапсырма. «Өндірісті автоматтандыру барысында кездесетін мәселелер және оларды шешу жолдары» тақырыбына шағын мақала жазыңыздар.

Тақырып 2.10 Автоматтандыру схемасы

1-тапсырма. Мәтінді түсініп оқыңыз және мазмұны бойынша 3 ашық сұрақ дайындаңыз.

Технологиялық процесстердің автоматты жүйесінің сипаттамасын және құрылымын анықтайтын, олардың автоматика құрылғыларымен және аспаптарымен, оның ішінде есептеу техникасының құрылғыларымен жабдықталуын анықтайтын негізгі техникалық құжатты автоматтандырылған схема деп атаймыз.

Автоматтандырылған схеманы өңдеу технологиялық процесстерді талдауға, олардың объектілерінің статикалық және динамикалық сипаттамасын игеруге, яғни негізгі басқарылатын және бақыланатын параметрлерді дұрыс таңдауға, олардың өзгеру диапазонын және жұмыстық белгіленуін қоюға, қозу әсерінің сипаттамасын анықтауға және басқару әсерін таңдауға әкеледі.

Автоматтандырылған схеманың дайын түрі технологиялық жабдықтардың, коммуникациялардың, технологиялық жабдықтар және автоматика элементтерінің арасындағы байланысты, автоматика құрылғылары мен аспаптарының шартты белгілері арқылы берілетін схемалық түрдегі сызбаны көрсетеді. Автоматтандырылған схема стандартқа сәйкес орындалады.

Автоматтандырылған объектінің технологиялық схемасы схеманың жоғарғы жағында, жобаның технологиялық бөлігінде схемаға сәйкес қабылданған тұтас сызықтармен көрсетіледі. Технологиялық схема солдан оңға қарай тармақталуы керек.

Технологиялық жабдықтар және құбырлар автоматтандырылған схемада, олардың автоматика құрылғылары мен аспаптарының арасындағы байланысты көрсететіндей қарапайым түрде келтіріледі.

2-тапсырма. Төменде берілген әр сөйлемді өз сөзіңізбен қайта жазыңыз. Сөйлемдерді берілген сөздермен бастаңыз.

1. Есептеу техникасының құрылғыларымен жабдықталуын анықтайтын негізгі техникалық құжатты автоматтандырылған схема деп атаймыз.

Автоматтандырылған схема дегеніміз

2. Автоматтандырылған схеманы өңдеу негізгі басқарылатын және бақыланатын параметрлерді дұрыс таңдауға әсерін тигізеді.

Негізгі басқарылатын ____

3. Технологиялық жабдықтар және құбырлар автоматтандырылған схемада, олардың автоматика құрылғылары мен аспаптарының арасындағы байланысты көрсететіндей қарапайым түрде келтіріледі.

Автоматтандырылған схемада ____

3-тапсырма. Сіздер үшін төмендегі ақпарат маңызды болды ма? «Қосжазба күнделігіне» түсіріп, талқылаңыз.

Автоматтандырылған схеманың дайын түрі технологиялық жабдықтардың, коммуникациялардың, технологиялық жабдықтар және автоматика элементтерінің арасындағы байланысты, автоматика құрылғылары мен аспаптарының шартты белгілері арқылы берілетін схемалық түрдегі сызбаны көрсетеді. Автоматтандырылған схема стандартқа сәйкес орындалады.

Үзінді Түсіндірме

4-тапсырма. Берілген тіркестерді қолданып, сөйлем құрастырыңыз:

Технологиялық жабдықтар, техникалық құжат, құрылғылармен жабдықты, автоматтандырылған схема, басқарылатын және бақыланатын параметрлер, стандартқа сәйкес.

5-тапсырма. Автоматтандырылған схема деген не? тақырыбы бойынша диалог құраңыз.

6-тапсырма. Мәтіннен негізгі тірек сөздерді теріп жазып, мағынасын ашыңыздар.

7-тапсырма. «Дербес пікір жазу» тәсілін қолданып, мәтін мазмұны негізінде эссе жазыңыздар.

1. Өзіндік пікір (идея) -1 сөйлем.
2. Дәлел – 2 сөйлем.
3. Өз пікірін дәлелдейтін мысал – екі сөйлем.
4. Өз пікіріне қарсы пікір – бір сөлем.
5. Қарсы дәлелді жоққа шығаратын мысал – екі сөйлем.
6. Қорытынды – екі сөйлем.

**Тақырып 2.11 Автоматты басқару жүйелерінің статикалық және
динамикалық сипаттамалары.**

1-тапсырма. Мәтіндіегі ақпаратпен танысыңыз және тірек сызба арқылы әңгімелеңіз.

Автоматты басқару жүйелерінің, олардың жеке буындарының және қосылыстарының қасиеттері олардың сипаттамаларымен айқындалады.

СТАТИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР буынның не жүйенің орныққан күйдегі шығыстық және кірістік шамаларының арасындағы тәуелділікті анықтайды.

Статикалық сипаттамалары бар жүйе буындары немесе қосылыс түріндегі автоматтық реттеу объектілерін статикалық деп атайды. Бұларды өздігінен түзелетін объектілер деп те атайды, өйткені олардың кірісіне келетін тұрақты әсерден реттелетін (шығыстық) шама белгілі бір тұрақты мәнге дейін ғана өсіп, одан әрі жаңа деңгейде тұрақтанады, мұны реттеуші болмаған жағдайда объектінің өзі жүргізе алады.

ДИНАМИКАЛЫҚ СИПАТТАМА.

Әрбір динамикалық жүйе немесе олардың элементтері келесі динамикалық жүйелермен сипатталады:

1. Динамикалық теңдеу,
2. Беріліс функциясы,
3. Өтпелі функция,
4. Импульсті өтпелі функция,
5. Жиіліктік сипаттамалар.

Бұл сипаттамалар бойынша жүйелердің динамикалық қасиеттерін анықтауға болады (жұмыс режимі, орнықтылығы т.с.с.).

1. Динамикалық теңдеу – жүйенің тұрақталмаған режим кезіндегі, шығыстық және кірістік шамалардың арасындағы функционалдық байланысты айтады, дифференциалдық теңдеу түрінде беріледі.

2. Беріліс функциясы – жүйенің кез келген режим кезіндегі шығыстық және кірістік шамалар арасындағы функционалдық байланысты айтады.

3. Өтпелі функция $h(t)$ деп жүйенің бастапқы нөлдік шартқа сәйкес кірісіне берілген бірлік секіріске деген реакциясын айтады.

-кірістік шаманың кескіні.

4. Импульсті өтпелі функциясы- $W(t)$ жүйенің кірісіне бастапқы нөлдік шартқа сәйкес берілген бірлік импульсқа (дельта функция) деген реакцияны айтады.

5. Жиіліктік және логарифмдік жиіліктік сипаттамалар

Жиіліктік сипаттамалардың негізінде автоматты жүйелерді зерттеудің біршама инженерлік тәсілдері дамыған. Жиіліктік сипаттамалардың ерекшелігі, олар жүйенің динамикалық қасиеттеріне жүйе параметрлерінің тигізетін әсерлерін бағалауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар бұл сипаттамаларды тәжірибе жүзінде де алуға болады.

Жиіліктік сипаттамалар жүйелердің кірісене гармоникалық сигнал берілген жағдайдағы жүйе шығысының еріксіз тербелісін сипаттайды да, жүйелердің комплекстік беріліс функцияларының (КБФ) негізінде тұрғызылады. Егер жүйе кірісіне гармоникалық тербеліс берілсе, онда өтпелі процесс аяқталған соң жүйе шығысында амплитудасы және бастапқы фазасы кірістік тербелістен өзгеше, ал жиіліктері бірдей тұрақталған гармоникалық еріксіз тербеліс аламыз.

Комплекстік беріліс функциясы $W(j)$ деп, тұрақталған режимдегі жүйенің комплексті түрде көрсетілген шығыстық шамасының комплексті түрде көрсетілген кірістік шамасына қатынасын айтады.

2-тапсырма. Басқару жүйесінің статикалық және динамикалық сипаттамасын салыстырыңыз.

3-тапсырма. «Жиіліктік сипаттамаларының ерекшелігі» деген тақырыпта диалог құраңыз

4-тапсырма. Мәтіннен термин сөздер мен негізгі тірек сөздерді теріп жазып, оларға анықтама беріңіздер.

5-тапсырма. ПОПС формуласын қолданып, төмендегі ақпарат бойынша өз пікіріңізді білдіріңіз.

Статикалық сипаттамалары бар жүйе буындары немесе қосылыс түріндегі автоматтық реттеу объектілерін статикалық деп атайды. Бұларды өздігінен түзелетін объектілер деп те атайды, өйткені олардың кірісіне келетін тұрақты әсерден реттелетін (шығыстық) шама белгілі бір тұрақты мәнге дейін ғана өсіп, одан әрі жаңа деңгейде тұрақтанады, мұны реттеуші болмаған жағдайда объектінің өзі жүргізе алады.

6-тапсырма. Берілген сөздер мен сөз тіркестерінің синонимдік қатарын беріңіздер.

Ақпарат

Қасиет

Өздігінен

Сипаттама

Ерекшелік

Тұрақты

7-тапсырма. «Заманына қарай – адамы» дегенді қалай түсінесіздер? Пікірталас ұйымдастырыңыздар.

Тақырып 2.12 Автоматтандыру және технологиялық процесс

1-тапсырма. Мәтінді түсініп оқыңыз және мазмұны бойынша 3 ашық сұрақ дайындаңыз.

Технологиялық процестер — бұл материалдарды, бұйымдар мен энергияны жасау, жинақтау, түрлендіру және тасымалдау процестері.

Технологиялық процестің мұндай анықтамасы жалпылама, абстрактілі болып есептеледі, бірақ дәл осы әртүрлі өндіріс ерекшеліктеріндегі дерексіздік бір-бірінен айтарлықтай айырмашылығы бар өндірістердің барлығының автоматтандыру тәсілдемесінің бірыңғайлығын көрсетуге мүмкіндік береді.

Өндірістік процесстерге адамның қатысуы, оның еңбегі шешуші фактор болады — оның қатысуынсыз ешқандай өндірістің болуы мүмкін емес. Дегенмен, адамның өндіріске қатысу формасы әртүрлі болуы мүмкін және бұл қатысудың деңгейі біз оқып отырған пәнге тікелей қатысты.

Автоматтандыру — бұл өндірісте адамдарды өндірістік процесстерге тікелей қатысудан босататын техникалық құралдарды, әдіс-тәсілдер мен басқару жүйесін пайдалану. Бұл анықтамада өте маңызды ескеретін жағдай бар: әңгіме тікелей қатысудан босату жайлы, яғни, адам өзі жасаған өндірістік процесс құрайтын әрекеттерден босатылады. Ақылды адам өзі үшін жұмыс жасайтын машина жасап шығаруға қабілетті және ол тек физикалық жұмыстарды ғана емес, ой еңбектерін де орындай алады.

Автоматтандырудың мақсаты өндіруді жоғарылату мен еңбек тиімділігін арттырудан, өнім сапасы мен адам еңбегінің жағдайын жақсартудан тұрады.

Автоматтандыру — ғылыми-техникалық прогрестің негізгі бағыттарының бірі. Қазу және материалдарды өңдеу процестері, құрастырушы, энергетикалық, көліктік процестер және объектілер мен құрылыстарды жобалау, кәсіпорындар мен ұйымдарды басқару мен жобалау, ғылыми зерттеулер, медициналық диагностика, бағдарламалау мен инженерлік есептеулер және т.б. автоматтандырылады.

Бұл процесстегі және оның түрлі этаптарындағы адам рөлі әртүрлі. Адамның басты ерекшелігі – саналы түрде ойлау қабілеті. Адам көтере алатын жүктен 1000 есе артық жүкті көтере алатын механизм ойлап шығаруға болады, немесе түймені 100 есе тез қадай алатын құрылғы жасап шығаруға болады, бірақ адамның ойлау қабілетіне жететін машина әзірге жоқ.

Автоматтандыру — бұл өндірісте адамдарды өндірістік процесстерге тікелей қатысудан босататын техникалық құралдарды, әдіс-тәсілдер мен басқару жүйесін пайдалану. Бұл анықтамада өте маңызды ескеретін жағдай бар: әңгіме тікелей қатысудан босату жайлы, яғни, адам өзі жасаған өндірістік процесс құрайтын әрекеттерден босатылады. Ақылды адам өзі үшін жұмыс жасайтын машина жасап шығаруға қабілетті және ол тек физикалық жұмыстарды ғана емес, ой еңбектерін де орындай алады.

Автоматтандырудың мақсаты өндіруді жоғарылату мен еңбек тиімділігін арттырудан, өнім сапасы мен адам еңбегінің жағдайын жақсартудан тұрады.

Автоматтандыру — ғылыми-техникалық прогрестің негізгі бағыттарының бірі. Қазу және материалдарды өңдеу процестері, құрастырушы, энергетикалық, көліктік процестер және объектілер мен құрылыстарды жобалау, кәсіпорындар мен ұйымдарды басқару мен жобалау, ғылыми зерттеулер, медициналық диагностика, бағдарламалау мен инженерлік есептеулер және т.б. автоматтандырылады.

Бұл процестегі және оның түрлі этаптарындағы адам рөлі әртүрлі. Адамның басты ерекшелігі – саналы түрде ойлау қабілеті. Адам көтере алатын жүктен 1000 есе артық жүкті көтере алатын механизм ойлап шығаруға болады, немесе түймені 100 есе тез қадай алатын құрылғы жасап шығаруға болады, бірақ адамның ойлау қабілетіне жететін машина әзірге жоқ.

2-тапсырма. Тақырып бойынша кестені толтырыңыздар

Тақырып бойынша бұрыннан не білемін? Бұл туралы не білуім керек? Бұл туралы енді не білдім?

3-тапсырма. Берілген сөздердің синонимдік қатарын беріңіз.

Энергия –

Құралдар –

Тәсілдер –

Мақсаты –

Пайдалану –

Тез –

Қабілет -

4-тапсырма. «Автоматтандырудың мақсаты» тақырыбына шағын эссе жазыңыздар.

5-тапсырма. Төменде берілген әр сөйлемді өз сөзіңізбен қайта жазыңыз. Сөйлемдерді берілген сөздермен бастаңыз.

1. Автоматтандыру — бұл өндірісте адамдарды өндірістік процестерге тікелей қатысудан босататын техникалық құралдарды, әдіс-тәсілдер мен басқару жүйесін пайдалану.

Өндірісте адамдарды ____

2. Автоматтандыру - ғылыми-техникалық прогрестің негізгі бағыттарының бірі.

Ғылыми-техникалық ____

3. Технологиялық процестер — бұл материалдарды, бұйымдар мен энергияны жасау, жинақтау, түрлендіру және тасымалдау процестері.

Материалдарды, бұйымдар мен энергияны ____

6-тапсырма. Берілген сөз тіркестерін пайдаланып, сөйлем құрастырыңыздар.

Тасымалдау, түрлендіру, әдіс-тәсілдер, тікелей қатысу, жасап шығару, технологиялық процесс.

7-тапсырма. Өздеріңізді блогермін деп есептеңіздер. Өндірісті автоматтандырудың тиімділігі туралы шағын мәтін дайындаңыз. Қандай мәлімет бересіз?

Тақырып 2.13 Автоматтандыру жүйесі

1-тапсырма. Төменде берілген мәтінді оқыңыз және негізгі ақпаратты тезис түрінде жазыңыз.

Автоматтандырылған жүйе (Автоматизированная система; the automated system) — басқару міндетінің бір бөлігін адам (оператор) орындайтын, басқарылатын объектілер мен автоматты басқару құрылғыларының жиынтығы.

Автоматтандырылған жүйеде автоматты құрылғылар басқару объектісінен ақпарат жинақтауды, оны жеткізуді, түрлендіруді және өңдеуді, басқарушы командаларды қалыптастыруды және басқарылатын объектіде олардың орындалуын жүзеге асырады, яғни формальдауға оңай келетін қызметтер.

Адам — оператор басқарудың мақсаттары мен критерийлерін анықтайды және жағдайлардың өзгеруі кезінде оларды түзетеді. Іс-әрекеттеріне байланысты автоматтандырылған жүйеде басқарудың автоматтандырылған жүйесі, ғылыми зерттеулердің автоматтандырылған жүйесі, құрылымдаудың автоматтандырылған жүйесі, өндірісті технологиялық дайындаудың автоматтандырылған жүйесі, автоматтандырылған жобалау жүйесі және т.б. түрлері болады.

2-тапсырма. Мәтіндегі мына термин сөздерді «Қос жазба күнделігінде түсіндіріңіздер.

Терминдер Түсіндірмесі

Автоматтандырылған жүйе

Автоматты құрылғылар

Басқару құрылғылары

Технологиялық дайындау

3-тапсырма. Морфологиялық талдау жасаңыздар.

Автоматтандырылған жүйеде автоматты құрылғылар басқару объектісінен ақпарат жинақтауды, оны жеткізуді, түрлендіруді және өңдеуді, басқарушы командаларды қалыптастыруды және басқарылатын объектіде олардың орындалуын жүзеге асырады, яғни формальдауға оңай келетін қызметтер.

4-тапсырма. Берілген сөздермен сөйлем құрастырыңыз.

Автоматтандыру, жүйе, құрылғы, жинақтау, түрлендіру, өңдеу, басқару, жобалау.

5-тапсырма. «Автоматтандыру жүйесін енгізудің тиімділігі» деген сөйлемге өз ойларыңызды білдіріңіздер.

Бірінші сөйлем. Менің ойымша,

Екінші сөйлем. Себебі мен оны ... деп түсіндіремін.

Үшінші сөйлем. Оны мен ... деген фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын.

Соңғы сөйлем. Осыған байланысты мен ... деген түйін жасадым.

6-тапсырма. Сұрау есімдіктерін пайдаланып, бір-біріңізге сұрақтар дайындаңыздар.

7-тапсырма. «Автоматтандыру жүйесін енгізудің тиімділігі» деген сөйлемге өз ойларыңызды білдіріңіздер.

Бірінші сөйлем. Менің ойымша,

Екінші сөйлем. Себебі мен оны ... деп түсіндіремін.

Үшінші сөйлем. Оны мен ... деген фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын.

Соңғы сөйлем. Осыған байланысты мен ... деген түйін жасадым.

3 Бөлім Кәсіптік білім берудің негіздері

тақырып 3.1 Автоматтандыру жүйесінің арналымы, мақсаты мен функциялары 1-тапсырма. Мәтіннен тірек сөздерді анықтап, мәтін мазмұнын айтыңдар.

Техникалық процестер мен өндірістік объектілерді автоматтандыру кезінде объектілерді автоматтандырудың жалпы жүйесіндегі жеке ішкі жүйелерге жүктелетін әр түрлі функционалды міндеттерді жиі шешуге тура келіп отырады. Автоматты басқару жүйесін жіктеу қолданылатын энергия және т.б. түрінде басқару және функционирлеу алгоритмдеріне қолданылатын жүйенің арналымы мен құрылымын сипаттайтын әр түрлі қағидаттар мен белгілер бойынша жүзеге асады.

Автоматтандыру жүйесі арналым бойынша үш класқа бөлінеді: ақпараттық, басқарушылық және қорғаныштық.

2-тапсырма. Кестеге автоматтандыру жүйесінің үш түрін тарқатып жазыңдар.

ақпараттық	басқарушылық	қорғаныштық

3-тапсырма. Берілген терминдердің мағынасын анықтап, сөйлем құраңдар Автоматтандырылған жүйе, автоматты басқару процесі, өндірісті автоматтандыру, технологиялық жабдықтар, өндірістік объектілер.

Терминдер	Анықтама	Сөйлем

4-тапсырма. Мәтінді қосымша ақпаратпен толықтырыңдар.

5-тапсырма. Топтық жұмыс. Қалай ойлайсыздар *автоматтандыру жүйесі* адам өмірін қаншалықты жеңілдетіп, қаншалықты қиындатпақ? Осы төңірегінде пікір аламасыңыздар.

6-тапсырма. Топтық жұмыс. Қалай ойлайсыздар *автоматтандыру жүйесі* адам өмірін қаншалықты жеңілдетіп, қаншалықты қиындатпақ? Осы төңірегінде пікір аламасыңыздар.

7-тапсырма. Берілген мақал-мәтелдерді мен қанатты сөздердің жалғасын тауып, мағынасын түсіндіріңіздер.

1. Тіл – адам ойының ... 7. Көп сөз – күміс, аз сөз ...
2. Аңдамай сөйлеген ... 8. Жасыңда қылжың болсаң, өскенде ...
3. Ойнап сөйлесең де, ... 9. Таза сөйлеу – биік ...
4. Тисе терекке, тимесе ... 10. Көңілсіз ... – ойға олақ.
5. Айтылған сөз - ... оқпен тең. 11. Тіл тас жарады, ...
6. Бал тамған тілден ... тамар. 12. Тіліңмен жүгірме

Тақырып 3.2 Ақпараттық жүйелер

1-тапсырма. Мәтінді оқындар, кәсіби сөздерді табындар.

Ақпараттық жүйелер бақылау мен сигнализацияның ішкі жүйелерін біріктіреді. Бақылаудың ішкі жүйесі бақылау өлшеу аспаптарының (БӨА) көмегімен автоматтандырылған объектілердің сандық (өлшеу) және сапалық (индикация) көрсеткіштерін алуды қамтамасыз етеді. Сигнализация ішкі жүйесі бақылаудың ішкі жүйесіндегі техникалық құралдарды қолданады, алайда жарықтық, дыбыстық немесе басқа түрлі сигналымен ақпарат беру формасынан ерекшеленеді. Сигнализацияның функционалды ішкі жүйелері командалық, бақылау, ескерту және авариялыққа бөлінеді. Ақпараттық жүйелерге қойылатын негізгі талаптар - жеткілікті түрдегі ақпараттылық, сонымен қатар ешбір бұрмалаусыз және іркіліссіз ақпарат берілісі.

2-тапсырма. Мәтінде кездесетін мына тіркестерді орысша баламасымен сәйкестіріңдер.

ішкі жүйелер	звуковой сигнал
автоматтандырылған объектілер	информационная система
жарықтық сигнал	технические средства
бақылау өлшеу аспаптары	подсистемы
негізгі талаптар	информационная система
техникалық құралдар	основные требования
ақпараттық жүйе	контрольно-измерительные приборы
сапалық көрсеткіштер	автоматизированные объекты
дыбыстық сигнал	световой сигнал

3-тапсырма. Мәтінді орыс тіліне аударындар.

4-тапсырма. Мәтінде кездесетін сын есімдерді теріп жазындар, сөз құрамына талдау жасандар.

5-тапсырма. Ақпараттық жүйелерге қойылатын негізгі талаптармен келісесіздер ме? Бұл қаншалықты маңызды деп ойлайсыздар?

Ақпараттық жүйелерге қойылатын негізгі талаптар - жеткілікті түрдегі ақпараттылық, сонымен қатар ешбір бұрмалаусыз және іркіліссіз ақпарат берілісі.

6-тапсырма. Ақпараттық жүйелерге қойылатын негізгі талаптармен келісесіздер ме? Бұл қаншалықты маңызды деп ойлайсыздар?

Ақпараттық жүйелерге қойылатын негізгі талаптар - жеткілікті түрдегі ақпараттылық, сонымен қатар ешбір бұрмалаусыз және іркіліссіз ақпарат берілісі.

7-тапсырма. Ойтаразы. Тақырып бойынша өз ойларыңды қорытып, сөйлемдерді толықтырындар.

- қызықты болды.
- қиын болды.
- тапсырманы орындадым.
- екенін түсіндім.

Тақырып 3.3 Басқарушы жүйелер

Басқарушы жүйе қандай да бір өндірістік жағдайда қабылдануы тиіс әрекеттерді алдын ала көздейтін белгілі бір бағыттамалар бойынша басқару функцияларын жүзеге асырады. Адам тек жалпы бақылау жасайды тек басқару алгоритмдерімен күтпеген жағдайлар орын алған жағдайда ғана араласады. Басқарушы жүйелер бірнеше түрге бөлінеді.

Басқарушы жүйелер алынған ақпараттар негізіне басқару объектісіне әсер беретін автоматтандырудың ішкі жүйелерінен тұрады. Бұл класқа автоматты реттеу (АРЖ), басқару (АБЖ) және басқарудың автоматтандырылған жүйелері (БАЖ) сияқты ішкі жүйелері кіреді. Автоматты реттеу жүйелері кейбір басқару шамасының берілген заңдылығы бойынша тұрақты қолдау немесе өзгерту үшін арналған. Автоматты басқару жүйелері белгілі бір басқару критерийлеріне қол жеткізуге бағытталған объектіге әсер етудің жиынтығын жүзеге асырады.

Жалпы жағдайда АРЖ және АБЖ локальді автоматика құралдары (реттегіштер) негіздегісі ретінде есептеу техникасын қолдана отырып жасалатын болады.

1-тапсырма. Мәтінді оқыңдар, тірек сөздерді анықтаңдар.

2-тапсырма. Тірек сөздер арқылы мәтін мазмұнын айтыңдар.

3-тапсырма. Венн диграммасы бойынша ақпараттық жүйе мен басқарушы жүйенің айрмашылығымен ұқсастығын жазыңдар.

4-тапсырма Мәтінде кездесетін мына етістіктерге көсемшенің тиісті жұрнағын жалғап, сөйлем құраңдар.

Жүзеге асырады, бірнеше түрге бөлінеді, ішкі жүйелерінен тұрады, жасалатын болады.

5-тапсырма. Мәтінді екі қайта оқыңдар, қосымша ақпаратпен толықтырыңдар.

6-тапсырма. Көп нүктенің орнына керекті сөздерді қойып, сөйлемді толықтырыңыздар.

1) Жаһандану мәселесі өз мемлекетіміздің, Қазақстан халқының, көпғасырлық дәстүрге, халық даналығына әсер етуде.

2) Мемлекет басшысы жаһандану үрдісінде жастар ерекше көңіл бөлуде.

3) ХХІ ғасыр жаңару кезеңі, жастар қоғамды, экономиканы дамытушы, деп айтқан болатын.

4) Тарихпен дәлелденген мәселе ретінде – жастар кез келген болашағы.

5) Әлемдік процесі жастардан пен біліктілікті, пен парасаттылықты талап етеді.

6) Жастар саясаты – болашақ кепілі.

Керекті сөздер:

өркениетке ену / қозғаушы күш / тәуелсіздігіне / жарқын / саясатына / мәдениетіне / ақылдылық / мемлекеттің / іскерлік

7-тапсырма. Мәтінді екі қайта оқыңдар, қосымша ақпаратпен толықтырыңыздар.

3.4 Автоматты қорғау жүйелері

1-тапсырма. Мәтінді оқындар, түсінгендерінді айтып беріндер.

Автоматты қорғау жүйелері техникада маңызды рөл атқарады. Осы кластың жүйелері адамның қатысуынсыз тек автоматты режимде, адамның қатысуынсыз жұмыс істейді және технологиялық параметрлердің нормадан ауытқуынан, сонымен қатар авариялық жағдайлар туындауынан объектілерді қорғайды. Объектілерді автоматты қорғау кезінде объектілік (блоктаушы жүйелер) және объекті аралық (синхрондаушы қорғау) блоктауларға ажыратады. Блоктау және қорғау жүйелері іске қосылу нәтижесінде немесе қорғау объектілеріне материалды және энергетикалық ағындарға қолжетімділік тоқтатылады, немесе авариялық жүйелер қосылады (өрт сөндіру, желдету және т.б.)

2-тапсырма. Мәтін бойынша сөздік жасандар.

3-тапсырма. «Атаулар туралы үш сұрақ» әдісі бойынша жауап беріндер.

Қайда? Бұл терминдерді бұрын қайда кездестіріп едіңдер?

Қалай? Өз тәжірибелерінде осы атауларды қалай қолданасыздар?

Қандай? Осы сабақта бұл атаулар қандай қолданыста болады деп ойлайсындар?

4-тапсырма. *Автоматты қорғау жүйелері* сөз тіркесін тәуелдеңдер

5-тапсырма. ПОПС формуласын қолданып, мәтінде берілген ақпаратқа қатысты өз пікіріңізді жазындар

Бірінші сөйлем. Менің ойымша,

Екінші сөйлем. Себебі мен оны ... деп түсіндіремін.

Үшінші сөйлем. Оны мен ... деген фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын.

Соңғы сөйлем. Осыған байланысты мен ... деген түйін жасадым.

6-тапсырма. Көп нүктенің орнына мағынасына байланысты сөздерді қойыңыздар.

Болашақта үлкен мамандық иесі болатынын армандамайтын болмайды. Алғашқы кезде біздің ойымызда деген сұрақ туындайды. Бірақ әркім өзі ұнатқан ... ғана оқуға түседі. Менің таңдаған мамандығым –

Менің арманым – қазіргі кезде ... гүлденген, бүкіл әлемнің назарын өзіне аударған сәтінде дамыған ... қарым-қатынасты одан әрі нығайта түсуде кішкене болсада өз үлесімді қосу. Қазір ХХІ ғасыр – ... заманы. Сол себепті ... барлық мүмкіншіліктерді пайдаланулары қажет.

7-тапсырма. ПОПС формуласын қолданып, мәтінде берілген ақпаратқа қатысты өз пікіріңізді жазыңыздар

Бірінші сөйлем. Менің ойымша,

Екінші сөйлем. Себебі мен оны ... деп түсіндіремін.

Үшінші сөйлем. Оны мен ... деген фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын.

Соңғы сөйлем. Осыған байланысты мен ... деген түйін жасадым.

Тақырып 3.5 Басқару жүйелерінің құрылымы мен функциялары

1-тапсырма. Мәтінді түсініп оқыңдар.

Басқару жүйелерінің құрылымы мен функциялары

Технологиялық процестерді басқарудың автоматтандырылған жүйесінің, әдеттегідей, үш деңгейден тұратын иерархиялық құрылымы бар және келесі функцияларды орындайды (МемСТ 34.003 — 90):

басқарушылық – технологиялық басқару объектісінің күйі туралы ақпарат алуды, алынған ақпараттар бағасын, басқарушы әрекеттер мен оларды іске асыруды таңдаулардан тұратын функциялар ;

ақпараттық — технологиялық басқару объектісінің немесе сыртқы ортаның күйі туралы персоналданған ТП АБЖ немесе басқа жүйенің ақпараттарын өңдеу және беруді бағамдайтын функциялар;

көмекшілік — жүйенің өзінің техникалық және бағдарламалық құралдарын функционирлеу күйін бақылауды қамтамасыз ететін функциялар.

ТП АБЖ-нің басқару функциялары. Басқарушыға мына төмендегі функцияларды жатқызады

автоматты реттеу;

қашықтан басқару;

технологиялық қорғау және блоктау.

технологиялық процесс

2-тапсырма. Сөз тіркестер мен сөздерді орыс тіліне аударыңдар.

Басқару жүйелері-	
құрылымы -	
функциялары -	
автоматтандырылған жүйе-	
үш деңгейден тұратын-	
басқарушы әрекеттер –	
персоналданған-	
ақпараттарын өңдеу-	
бағамдайтын функциялар-	
көмекшілік –	
бағдарламалық құралдар –	
басқару функциялары-	
автоматты реттеу -	
қашықтан басқару-	
технологиялық қорғау –	
блоктау-	

3-тапсырма Кестені толтырыңдар.

Құрылымы	функциялары

4-тапсырма. Мәтінді оқып, «Бес W және бір H» сұрақтарға жауап беріңдер. Басқару жүйелерінің құрылымы мен функциялары туралы білетін ақпараттарыңды ортаға салып, дереккөзіне сілтеме жасаңдар.

What? Не? Что?

When? Қашан? Когда?

Where? Қайда? Где?

Why? Неге? Зачем?

How? Қалай? Как?

5-тапсырма. Мәтінде кездесетін аббревиатураларды тарқатып жазыңдар.

6-тапсырма. Мәтінде кездесетін мына сөз тіркестерінің мағынасын ашыңыздар.

Сөз тіркестері	Мағынасы
автоматты реттеу	
қашықтан басқару	
технологиялық қорғау	
технологиялық блоктау	
технологиялық процесс	

7-тапсырма. «Менің мамандығым-менің мақтанышым» деген тақырыпта шағын эссе жазыңыздар. (көлемі 200-250 сөз)

Тақырып 3.6 Автоматты реттеу тақырып

1-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Мәтін не туралы?

Автоматты реттеу функциялары автоматты тұрақтандыруды (үздіксіз басқару) немесе технологиялық процестердің үздіксіз параметрлерінің берілген заңдылығы бойынша өзгертуді, сонымен қатар дискреттік (логикалық) және Функционалды топтық басқаруларды қарастырады.

Дискретті (логикалық) басқару ілмекті арматура, механизмдер, реле, соңғы және жолдағы ажыратқыштар, датчиктер, индикаторлар мен сигнализаторлар болуын сонымен қатар басқарушы команданы қалыптастыру үшін, іске қосуға, блоктауға, тоқтатуға қорғау әрекеттері, сигнализациялар және т. б. күйлерін бақылау үшін қолданылады

Функционалды топтық басқару (ФТБ) — дискретті басқару әрекеттерін қалыптастыру әр қадамдық күйін бақылай отырып, уақыт бойынша қадамдық түрде жүзеге асырылған кездегі дискретті басқарудың аса жоғары деңгейі. Функционалды топтық басқару әрбір адымның кезектілігінің белгіленген ұзақтылығын белгілейді және авариялық сигнал береді. Егер уақыт өтіп кетіп, ал команда толығымен орындалмаса, оператор күйді өзгерткенге дейін, кезектілік тоқтайды.

2-тапсырма. Мәтін қай стильде жазылғанын анықтаңыздар. Өз ойларыңызды дәлелдеңіздер.

3-тапсырма. Керекті мәліметтерді түртіп жазу (конспектілеу) мәтіндегі сөздерге «Қосжазба күнделігі» бойынша түсінік беріңдер

Мәтіндегі сөздер	Түсіндірме (комментарий)
Технологиялық процесс	

4-тапсырма. Қосымша ақпаратты оқыңдар. Орыс тіліне аударыңдар.

Адамдардың қызметін ауыстыратын көптеген жүйелер бар. Олар технологияның барлық салаларында, сондай-ақ адам қызметінің барлық саласында өндірістік процесстердің алуан түрлерін бақылауға қолданылады. Бұл жүйелер бір-бірімен өзара әрекеттесетін элементтердің жалпы кешенін құрайтын түрлі құрылымдық механикалық, пневматикалық, гидравликалық, электрлік, радио және басқа құрылғылармен біріктіріледі. Нәтижесінде, әрбір жүйе өзінің тұжырымдамасында, мақсаттарында, бақылауында немесе басқару параметрінде, жұмыс принципі, жұмыс сипаты бойынша ерекшеленеді

5-тапсырма. Қосымша ақпарат мәтініндегі зат есімдерді теріп жазыңдар, сөз құрамына талдаңдар.

6-тапсырма. Берілген даналар сөзі мен мақал-мәтелдерді оқыңыздар, мағынасын ашыңыздар.

Пайда, табыс, байлық сөздеріне талдау жасаңыздар.

Жамандықтың үлкені – пайдакүнемдік. Пайда қуған адам шышыл да, ержүрек те, өз парызына адал да бола алмайды.

В.А.Сухомлинский

Пайдакүнемдік адамды ең аяулы сезімдерден – Отанға деген сүйіспеншіліктен, отбасына, ізгілік пен тазалыққа деген сүйіспеншіліктен ада қылады.

Г.Саллюсти

Табысы жоқтың танысы жоқ.

С. Сапаи

Қайырсыз пайдадан – қайырлы залал.

Оңай олжа оңалтпас.

Оңай олжа қолға тұрмас.

Егер де мал керек болса, қолөнер үйренбек керек.

Алдау қоспай адал еңбегін

сатқан қолөнерлі — қазақтың төресі сол.

А.Құнанбаев

Малды сүймей, малшының мамандығын, оның еңбек кәсібін сүймей, жақсы малшы болу, жұмыста жақсы нәтижеге ие болу мүмкін емес.

М. Ғабдуллин

Еңбек етпесең, не қорлықта қаласың, не ұрлыққа барасың.

Л.Н.Толстой

Еңбекті сүйгенді елі сүйеді.

Ж. Қуанышбаев

7-тапсырма. Ойтаразы. Үш бағанды кестені толтырыңыздар.

«Қ» («қосу») бағанына сабақта ұнаған ақпаратты, яғни өзіңізге жағымды әсер еткен немесе жалпы мақсатқа жетуге тиімді болған ақпаратты жазыңыз.

«А» («алу») бағанына сабақта түсінбеген, жағымсыз әсер еткен немесе қажет емес деп есептеген ақпаратты жазыңыз.

«Қ» («қызықты») бағанына сабақта алған қызықты деректерді және тағы да нені білгіңіз келетінін мұғалімге сұрақ түрінде дайындаңыз

«Қосу»	«Алу»	«ҚЫЗЫҚТЫ»

Тақырып 3.7 Қашықтан басқару

1-тапсырма. Мәтінді оқындар. Тірек сөздерді анықтандар.

Қадамдық басқару алгоритмдері келесі функцияларды жүзеге асырады: жабдық күйін бақылау; механизмдер орындалысына басқарушы әсерін қалыптастыру; атқарушылық құрылғыларды тікелей басқаруды іске асыру; жергілікті контурлар тапсырмасының шамасын және автоматты реттегіштер күйлерін басқару; басқару алгоритмдерін орындау, сонымен қатар олардың орындалмау себептерінің барысы туралы ақпараттарды қалыптастыру. Қадамдық алгоритм жұмысының барысы туралы операторға арналған ақпарат нөмір мен ағымдағы операция қадамынан, сонымен қатар оның орындалу талаптарынан тұрады.

Қашықтықтан басқару объектілері стансаның атқарушы механизмдері болып табылады: ысырмалар, реттегіш клапандар, қозғалтқыштар және т.б.. Стансаның атқарушы механизмдерін жеке қолмен басқарудан өзге оператор функционалды – топтық басқарудың логикалық схемасы немесе аса жоғары деңгейлі реттегіштерден сыртқы автоматты басқаруға ілмекті арматураның жұмыс режимін ауыстыру, резервті автоматты енгізу блоктау және сызбасын қосу/ағыту мүмкіндігі бар.

Реттегіш клапандар үшін реттегіш параметр мәнін немесе клапанның ашылу дәрежесін арнауға немесе өзгертуге болады. Қашықтықтан автоматты басқаруға ауысу соққысыз, яғни басқарушы сигналдың күрт өзгерісінсіз жүзеге асырылады.


2-тапсырма. Мәтінді қайта оқып, коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында тиісті сөйлеу әдебін сақтай отырып, өз ойларыңды «А, В, С» әдісі бойынша дұрыс жеткізіндер.

А оқушы сұрақ қояды.

В оқушы жауап береді.

С оқушы айтқан жауаптарды бақылайды, толық болмаса, толықтырады.

3-тапсырма. Қадамдық басқару



4-тапсырма. Интернет ресурстарын пайдаланып *ысырмалар, реттегіш клапандар, қозғалтқыштар* сөздерінің анықтамасын жазыңдар.

5-тапсырма. *Қадамдық басқару* сөз тіркесін септеңдер.

6-тапсырма. Мәтіннен септік жалғауымен келген сөздерді тауып, қай септікте тұрғанын анықтап, кестені толтырыңыздар.

Септік жалғауы бар сөз	Септік жалғауы

7-тапсырма. «Төрт сөйлем» арқылы мәтіннің мазмұны бойынша өз пікіріңізді жазыңыз

1. Пікір Мәтін бойынша пікіріңізді бір сөйлеммен жазыңыздар
2. Дәлел. Пікіріңізді бір сөйлеммен дәлелдеңіздер.
3. Мысал. Пікіріңізді өмірмен байланыстырып, мысал келтіріңіздер.
4. Қорытынды. Тақырып бойынша қорытынды шығарыңыздар.

Тақырып 3.8 Технологиялық қорғау және блоктау

1-тапсырма . Төменде берілген мәтінді оқыңыз,ғылыми стильге қатысты өзіндік ерекшеліктерін анықтаңыздар.

Технологиялық қорғау және блоктау функциялары автоматты реттеу және қашықтан басқару функцияларын қалыптастыратын басқарушы сигналдарының авариясыз іске қосылуын қамтамасыз етеді. Атаулы функция басқару объектісінде авариялық жағдайларға алып келуі мүмкін басқарушы сигналдарын блоктауға мүмкіндік береді.

Мысалы, технологиялық механизмнің электржетегі үшін «алға» және «артқа» командасын бір уақытта құрылымдау кезінде басқарушылық әсер беруге жол бермейді немесе шеткі күй механизмдеріне қол жеткізген кезде, басқарушы сигналды үзеді. Бұдан өзге, қорғау сигналының іске қосылуынан сигнализациялық және оперативті дисплейге беруді, дыбыстық және жарықтық сигналдардың қосылуын, осы сигналдардың бейнесі үшін ТП АБЖ көмекші функцияларына беру қамтамасыз етіледі.

Қорғау және блоктау функцияларының негізімен бір уақытта авариялық жағдайларды тіркеу, жабдықтың авариялық тоқтауларының алғашқы себептерін талдау, персоналдарды авариялық жағдайларға алып келуі мүмкін орындалған немесе орындалмаған командалар мен әрекеттер туралы уақытылы хабарлау функциялары орындалады.

2 тапсырма: «Дербес пікір жазу» тәсілін қолданып, тақырып бойынша өз ойларыңызды білдіріңіздер.

Өзіндік пікір (идея) – бір сөйлем

Дәлел- екі сөйлем

Өз пікірін айғақтайтын мысал – екі сөйлем

Өз пікіріне қарсы пікір – бір сөйлем.

Қарсы дәлелді жоққа шығаратын мысал - екі сөйлем.

Қорытынды - екі сөйлем

3 тапсырма: Мәтінді құрылымына қарай неше бөлікке бөлуге болады?Мәтін мазмұны бойынша жоспар құрыңыз.

4 тапсырма: «Автор орындығы» әдісі. мәтіндегі тірек сөздер бойынша топ мүшелері шағын монолог жазады., әр топтан ең үздік монолог авторы тақтада шығармашылық жұмысының тұсауын кеседі.

5 тапсырма: Мен оқыған үш факт

Жеңіл болған ақпарат

Қиын болған ақпарат

Алдағы уақытта оқығым келетін ақпарат

6 тапсырма: Топтық жұмыс. Мәтіннен «Технологиялық қорғау және блоктауды» сипаттайтын ойды тауып оқыңыздар, ерекшеліктерін постер құрып айтыңыздар.

7 тапсырма: «Менің сабақтан кейінгі әсерім»кестесін толтырыңыздар

Қандай ой пайда болды?	Нені сезіндім?	Не ұнады?

Тақырып 3.9 Технологиялық процестерлі автоматтандыру жүйесі

1 тапсырма: Мәтінді зерделеңіз, негізгі идеясын ашыңыз

Автоматтандырылған басқару жүйелер есептеу техникасын міндетті түрде қолдана отырып, техникалық құрылғылар мен адамның бірлескен әрекетімен басқаруға мүмкіндік береді. Бұл жағдайда техникалық құрылғылар стандартты басқару міндеттерін шешеді, қажетті есептеулер жүргізеді, сонымен қатар стандартты емес басқару міндеттерін шешетін адам ақпараттарын қамтамасыз етеді. АБЖ арасында өнеркәсіптік өндірістің технологиялық процестерді автоматты басқару жүйесі (ТП АБЖ) және өзінің маңызы бойынша ақпараттық жүйелерге жатқызылатын өндірістік басқару жүйелерін (АӨБЖ) ажыратады.

2 тапсырма: Сөйлемдегі әрбір сөздің құрамына морфологиялық талдау жасаңыз.

3 тапсырма: Тақырып бойынша сұхбат құрыңыздар.

4 тапсырма: Автордың позициясы туралы сіздің пікіріңіз қандай? ПОПС формуласы арқылы жауап беріңіз.

Менің ойымша,

Себебі

Мысалы

Сондықтан

5 тапсырма: Технологиялық процестерлі автоматтандыру жүйесі туралы не білдіңіз? Сабақ сізге қандай ой салды?

6 тапсырма: Жұптық жұмыс. Мәтіннен автоматтандыру жүйесіне байланысты терминдер мен күрделі сөздерді теріп жазыңыздар.

7 тапсырма: «Көршінің сұрағы» ойыны. Бүгін сабақта алған ақпараттар бойынша өзекті бір сұрақты жазыңыз. Оны сағат тілі бойынша көршіңізге ұсыныңыз.

Осылайша қолыңызға тиген сұраққа жауап беріңіздер.

Тақырып 3.10 ТП АБЖ ақпараттық функциялары.

1 тапсырма: Мәтінді оқыңыздар, негізгі идеясын ашыңыз

Ақпараттық функцияларға мына төмендегі функциялар жатқызылады:

ақпаратты бастапқы жинау және алғашқы өңдеулер ;

ақпаратты көрсету;

хаттамалау және құжаттандыру.

Ақпаратты жинау және алғашқы

Ақпаратты жинау және алғашқы өңдеулер ақпараттық функциялары ТП АБЖ базалық функциялары болып табылады. Технологиялық ақпараттан датчиктерінің тікелей сауалнамасынан өзге кіру ақпаратының дұрыстығына бақылау жүргізіледі.

Бақылау нәтижелері бойынша әрбір енгізу каналы үшін жұмыста орын алған іркілісті талдауға мүмкіндік беретін жалпыланған дерексіздік индексі құрылымдалады.

Ары қарай енгізілетін сигналдар қолданылатын датчик, оны орнату орын мен жұмыс талаптарының есебімен масштабтауға, сүзгіден өтуге, тегістеуге, желілендіруге және түзетуге ұшырайды..

ТП АБЖ басым көп ақпараттық функциялары заманауи өнеркәсіптік контроллерлер сигналын енгізу модульдерінде тікелей іске асырылады, және, ережеге сай алгортимдерді іске асырудың ерекшеліктері жүйені жобалаушыдан жасырылған. Кейбір жағдайларда контроллерлерді бағдарламалау кезінде датчик типі, оның шығыс сигналының өзгеру диапазоны мен оны пайдалану ерекшеліктері көрсетіледі. Ақпараттарды алғашқы өңдеулер бойынша қалған барлық әрекеттері кіріктірілген алгоритмдермен жүргізіледі.

Алайда, ақпаратты алғашқы өңдеуге мұндай тәсіл ақпаратты алғашқы өңдеу функцияларын жеке баптаудан толық бас тартуды білдірмейді. Әзірлеуші өңдеу алгоритмдерін тікелей контроллердің басқарушы бағдарламасында іске асырып, сигналдарды өңдеу бойынша қосымша әрекеттер қолдануы мүмкін.

Ақпаратты көрсетудің ақпараттық функциясы оператор-технологтарға технологиялық процесс туралы ақпаратты ұжымдық қолданудың проекциялық экрандарына, жұмыс орнының мониторуна және пульттар мен қалқандардың аспаптық панельдеріне шығаруға мүмкіндік береді. Оператор мониторуның экранына жабдықтың мнемосұлбасы реттауші органдар қалыбы, коммутациялық аппаратура, ілмекті арматура, реттегіштер мен механизмдер күйлері, сонымен қатар параметрлер өлшеу сызбалары, гистограммалар, ағымдағы параметрлер кестелері, анықтамалық ақпарат, қолданбалы міндеттер есебінің нәтижелері шығарылатын болады.

Оператор интерфейсі басқарудың немесе ақпарат пен объектінің жалпы күйінің жан-жақты шолуының қажетті объектісін тез іздеуді қамтамасыз етеді. Соңғы сағатта, аусымда, тәулікте, ай, жыл ішінде жүйеде орын алған оқиғалар хаттамасы жүргізіліп көрінеді.

Объекті күйлерін графикалық көрсетуінің басқа түрі – қарау мен баптаулардың кеңейтілген мүмкіндіктерімен сызбаны көрсететін тренділер. Функционалды топ немесе тораптар үшін екі типті көлденең және тік гистограмма түріндегі параметрлерін, яғни бірдей және әр түрлі көлемдегі параметрлерімен көрсету мүмкіндігі бар.

Ағымдағы параметр мәнінің графикалық кескінінен өзге гистограммаларда параметрлердің жол берілетін және авариялық мәндері келтіріледі. Параметр шығысы кезінде іске қосылу қондырғысынан тыс мысалы сары мен қызыл түстердің өзгеру сызығындағы іске қосылуын орнату.

Хаттамалау мен құжаттандырудың ақпараттық функциясы мөр мен экранды шығару үшін, тізімдеме мен журналдарды қалыптастыруға, сонымен қатар оператор-технолог, автоматика, қорғаныс пен жұмыс процесінде блоктау әрекеттерін хаттамалауға арналған.

2 тапсырма: Ақпарат, өлшеу, сызба, жүйе, басқарушы, қолданбалы тірек сөздерінен екі сөйлемнен \тезис\ жазыңыздар.

3 тапсырма: ТП АБЖ ақпараттық функцияларға қатысты ізденіс жұмыс. Жоба нұсқасын дайындап, таныстырылым жасаңыздар.

4 тапсырма: Топқа бөлініп, мәтіндегі ақпараттарды INSERT оқыту стратегиясы бойынша талдаңыздар. Төмендегі белгілермен сөйлемдерді белгілеңіздер. Өз ойларыңызды қорытындылап жазыңыздар.

«Ү»	«-»	«+»	«?»
Бұрыннан білемін	Менің ойлағаным қайшы, кереғар	Мен үшін жаңа ақпарат	Келісе алмаймын, білгім келеді

5 тапсырма: Ойтаразы: Сабақ сізге қандай ой салды?

6 тапсырма: Достарыңызбен қай тілде жиі сөйлейсіздер? Тілді жақсы меңгеру үшін не істеу керек? Ой білісіңіздер.

7 тапсырма: «Қос жазба күнделігіне сөздік қорыңызда жиі қолданылатын сөздерді топтап, түсіндірме жазыңыздар.

Тақырып 3.11 ТП АБЖ көмекші функциялары.

1 тапсырма: Мәтінді тыңдаңыздар, қысқаша аннотация жазыңыздар.

Көмекші функцияларына мына төмендегілер жатады:

технологиялық сигнализация;

ТП АБЖ жабдығының диагностикасы .

Технологиялық сигнализация функциясы технологиялық персоналдар қатысуларын талап ететін технологиялық оқиғалар көрінуі туралы оперативті персоналдарды дыбыстық және көзбен шолу арқылы хабарлау үшін арналған.

Оқиғалардың орын алуы туралы ақпараттар ТП АБЖ басқару функцияларынан шыға отырып беріледі.

Технологиялық сигнализация сигналдары мен хабарламаларын шығару үш әдіспен жүзеге асырылады:

тек сигналдардың бөлігі авариялық-резервті жүйелер құрамына кіретін дербес сигналды таблоға ғана шығарылады ;

барлық технологиялық сигнализация ұжымдық қолданудың кескінінің моносұлбалы жүйесінде орналасқан сигнализациялық дисплейге немесе таблоға шығарылады.

Сигналдың әрбір көрінісі магний және дыбыспен ілеседі;

авариялық сигналдар оперативті жұмыс орындарының дисплейлеріндегі хабарлама жолында көрінеді.

Технологиялық сигнализация технологиялық персоналдың оқиғаға әрекет ету дәрежесі мен деңгейін анықтайтын ескертушілік және авариялық болып бөлінеді.

ТП АБЖ жабдығын диагностикалау функциясы ТП АБЖ техникалық кешені мен бағдарламалық құралдарының жұмыс қабілеттілігін бақылау мен күйін көрсетуді жүзеге асырады. Ақаулылығын технологиялық процесс жылжу шапшаңындағы аппараттық немесе бағдарламалық модуліне дейін дәлдікпен анықтайды. Осы функцияны ТП АБЖ-де қолдану қамтамасыз етеді:

төменгі деңгейдің контроллердері мен жоғарғы деңгей есептеу құралдарының іркілісі/істен шығуын табу ;

аналогті және ұқсас сигналдар енгізу/шығару модульдерінің жұмыс қабілеттерін бақылау ;

деректер берілісі өнеркәсіптік ақпараттық желісінің жұмыс қабілеттілігін бақылау контроллерлер бағдарламалық жұмыс қабілеттілігінің деңгейін бақылау ;

ТП АБЖ жабдығының істен шығуы мен ажыратыруының табылуы туралы хабарламаларды құрылымдау ;

Қызмет көрсетуші персонал мен операторға технологиялық процестің істен шығуы туралы алынған ақпаратты ұсыну.

Ақаулықтар туралы ақпараттар стансаның қызметкерлеріне хабарламалар мен дыбыстық сигнализациялар, сонымен қатар істен шыққан элементтер бөлінетін жерде ТП АБЖ техникалық құралдарының арнайы мнемосұлбалы кешенінде беріледі. Істен шығу туралы ақпараттар істен шығуларды тіркеу тізімдемесіне енгізіледі.

2 тапсырма: Мәтіндегі негізгі ойды анықтаңыздар.

3 тапсырма: Мәтінді әсерлі жеткізіп тұрған бейнелі сөздер мен тіркестеді тауып, жазып, сөйлем құраңыздар.

4 тапсырма: «Қосу, алу, қызық» кестесі бойынша өз көзқарастарыңызды жазыңыздар.

Қосу	Алу	Қызық

5 тапсырма: Ойтаразы. Бүгінгі сабақтағы тапсырмаларды қалай орындағаныңыздыжүп болып бағалаңыз. Қандай қиындықтар болды?

6 тапсырма: «Тілді үйренудің жолдары»деген тақырыпта диалог құрыңыздар. Сұрақтар төмендегі мәселелердің төңірегінде болу керек.

Қазақ тіліндегі бағдарламалар немесе фильмдер;

қазақ тілінде жүргізілетін радио хабарлары;

қазақ тіліндегі кітаптар, газет-журналдар;

қазақ тілінде сөйлейтін орта, достар, таныстар;

7 тапсырма: ТП АБЖ жабдығының диагностикасы мәтін мазмұнындағы негізгі ойды досыңызға хат түрінде жазыңыз. Тыныс белгілерін орынды қолданыңыз.

4 Бөлім. Кәсіптік -бағдарлық мәтіндері

Тақырып 4.1. Автоматты басқару процесінің маңызы

1 тапсырма: Мәтінді екі қайтара тыңдаңыздар, мазмұнын екі-үш сөйлеммен жеткізіңіздер.

экономикалық дамудың маңызды факторы заманауи жетістіктерін өнеркәсіптік өндірісте автоматтандыруда қолдану болып табылады.

Автоматты бақылау және басқару жүйелерін үздіксіз дамытуға қарамастан, осы процестің келесі негізгі кезеңдерін ажыратуға болады:

өндірістік технологиялық агрегаттарды технологиялық процесс параметрлерін заманауи бақылау жүйелерімен және қажетті ақпараттық жасақтамамен жабдықтау ;

негізгі отын-энергетикалық ресурстар өзгерістерін басқаратын қашықтық, автоматты және сырттай бақылаушылық атқарушы механизмдерін басқаруды қолдану; технологиялық процестердің негізгі мәнінен тұратын параметрлерін (температура, шығын, қысым және т.б.) автоматты тұрақтандыру (реттеу);

технологиялық агрегаттар немесе процестерді басқарудың тиімді критерийлерін қамтамасыз ету мақсатында бірнеше локальді тұрақтандыратын басқару контурынан тұратын кешенді автоматты басқару жүйесін қолдану .

Автоматты басқару жүйесін қарқынды қолданудың үлкен әлеуметтік маңызы бар. Өндірістік процестерді автоматтандыру өндірістегі іркілістерді төмендетуге, еңбек өндірімділігін арттыруға және осы арқылы дайын өнімнің бірлігінің құны қысқарған кездің өзінде өндірімділіктің экономикалық тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Бұл автоматтандыруға шығынның тез өтелімділігіне ықпал етеді және бәсекеге қабілетті өнімнің жеткілікті санын өндіруге мүмкіндік береді. Автоматтандырылған жүйені қолдану қоғамдағы техникалық прогрестің және өндірістік күшті дамытудың негізгі бағыттарының бірі болып табылады.

Егер ертеректе (АБЖ енгізілгенге дейін) технолоғқа өндірістік процестерді білікті басқару әдістерін игеру үшін ұзақ мерзім талап етілген болса, онда бақылау және басқарудың заманауи автоматтандырылған жүйелерін қолдану кезінде қажетті біліктілікке ие болуы мерзімі көп есе қысқарды және технолоғтар квалификациялы еңбекпен айналыса отырып, аса ыңғайлы жағдайларда еңбек етуге мүмкіндік алды. Алайда сонымен қатар технологиялық персоналдар білімінің деңгейіне қойылатын талаптар артты.

2 тапсырма: Мәтіні бойынша бір-біріңізге сұрақтар қойып, диалог құрыңыздар.

3 тапсырма: Мәтінді мұқият оқыңыздар. Негізгі ойды анықтайтын сөйлемді табыңыздар. Өз ойларыңызды білдіріңіздер

4 тапсырма: Мәтіндегі. негізгі тірек сөздер мен термин сөздерді анықтап, «Қос жазба» күнделігі арқылы мағынасын ашыңыздар.

5 тапсырма: «3-2-1» стратегиясы

- Бүгінгі сабақтан алған 3 маңызды ақпарат;
- Бүгінгі сабақта қиындық тудырған 2 аспекті;
- Бүгінгі сабақта ұнаған 1 іс-әрекет.

6 тапсырма: Топқа бөлініп, «Автоматты басқару процесінің маңызы» мәтін мазмұн бойынша пікірталас ұйымдастырыңыздар.

Пікірталастың шарты:

-мәтінде көтерілген мәселенің қамтылуы;

-Қазақстандағы Автоматты басқару процесінің маңызының себептері;

-қосымша ақпарат көздерін пайдаланып, маңыздылығын әлем елдерімен байланыстыру;

-сөйлеуде интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсініп, өз ойын жеткізу.

7 тапсырма: Рөлдік ойын. Жұмыс беруші мен жұмыс іздеуші арасындағы әңгімелесуді жүргізіңіздер.

Сұрақтарды өздеріңіз дайындаңыздар.

Тақырып 4.2 Автоматтандыру жүйелерінің элементтері

1 тапсырма: Мәтінді оқыңыздар. Мәтін қандай жанрда жазылған? Тілдік ерекшеліктері арқылы анықтаңыздар.

Автоматты жүйе өзара байланысқан және белгілі бір қызмет атқаратын дербес конструкциялық элементтен тұрады, оларды автоматика элементтері немесе құралдары деп атайды. Элементтерді жүйеде атқаратын қызыметіне қарай салыстырушы, түзетуші, қабылдаушы, жоспарлаушы, түрлендіруші және атқарушы деп ажыратады.

Қабылдаушы элементтер не бастапқы түрлендіріп бергіштер (датчиктер) технологиялық процесстердің басқарылатын шамаларын өлшейді де, оларды бір физикалық түрден екінші бір физикалық шамаға түрлендіреді (мысалы, термоэлектрлік термометр температура айырымын термоЭҚК-не түрлендіреді). Жоспарлаушы элементтер (баптау элементтері) арқылы жүйеге реттелетін шаманың қажет мәні беріледі де оның нақты мәні осы берілген мәнге сәйкес келуі тиіс. Салыстырушы элементтер реттелетін шаманың берілген мәнін нақты мәнімен салыстырады. Бұл элементтің шығысында алынатын айырымдық сигнал атқарушы элементке тікелей немесе күшейткіш арқылы беріледі. Түрлендіруші элементтер сигналдың пайдалануға ыңғайлы түрге түрлендіруін және оның қуатын магниттік, электрондық және т.б. күшейткіштер арқылы үдетуін жүзеге асырады.

Атқарушы элементтер басқару объектісіне берілетін басқару әсерін тудырады. Олар басқару объектісіне берілетін не одан алынатын энергия немесе заттар санын өзгерту арқылы басқарылатын шаманы берілген мәніне сәйкес етіп ұстап отырады.

Түзетуші элементтер басқару процесінің сапасын жақсарту үшін қажет. Автоматты жүйелерде көрсетілген негізгі элементтерден басқа қосалқы элементтер де болады, оларға ауыстырып қосқы құрылғылар мен қорғау элементтері, резисторлар, конденсаторлар, сигнал беру жабдықтары жатады.

Автоматика элементтерінің қолдану және технологиялық ерекшелігін айқындайтын арнайы сипаттамалар мен параметрлері болады

Кез келген технологиялық процесс оның қалыпты ағысын бұзатын әр түрлі ауытқу және соңғы өнім сапасын төмендетуге алып келетін берілген мәндерден бақыланатын параметрлер ауытқуын туындататын факторларының әсерімен бірге жүреді. Автоматты реттеу жүйесін қолдану процесс параметрлерін тұрақтандыруға мүмкіндік береді. Мысал ретінде бойлерден шыққан су температурасы тұтыну шамасына тәуелсіз түрде тұрақты болып қалғандағы бойлердегі суды қыздыру процесін қарастырамыз

Бойлердің жұмыс қағидаты келесіде жатыр.

Бу мен суық су судың жылуы тек бу жылуының есебінен орын алатын жылу алмастырғышқа түседі. Жылу алмастырғыштан шығатын жылытылған судың температурасын бақылау үшін термометр орнатылған. Қолмен басқарылған кезде, су температурасын бу шығынын реттеу туралы шешім қабылдайтын оператор көзбен шолып бақылайды. (2.1, а сурет).

Ыстық суды тұтыну артқан кезде, оператор клапанға әсер бере отырып, бу берілісін жылу алмастырғыштан шығудағы су температурасы берілгенге тең болуы үшін бу берілісін арттырады, ал су тұтынуды азайтқан кезде, бу берілісін төмендетеді. Оператор жүргізетін операция технологиялық процесті басқару деп аталады. Технологиялық процесті басқару бойынша әрекеттерді автоматты реттеу жүйесін қолдану кезінде автоматты реттеу құрылғыларымен – реттегіштермен жүргізеді

2 тапсырма: Мәтін бойынша логикалық сызба құрастырыңыз.

3 тапсырма: Берілген тіркестердің мағынасын сөйлем құрау арқылы ашыңыздар.

4 тапсырма: «Шығу парағын» пайдаланып, көп нүктенің орнына керекті сөздерді жазыңыздар.

Маған ... қиын болды.

Мен .. тапсырмаларын орындадым.

Мен ... екендігін түсіндім.

Мен ... үйрендім.

5 тапсырма: Болашақ мамандықтарын туралы эссе жазыңыздар

6 тапсырма: Тақырып бойынша жоспар тезисін құрыңыздар. Жоспар құрудың үлгі сызбасы:

1.Кіріспе бөлім

2.Негізгі бөлім

1.Тезис

а\сөйлем;

ә\сөйлем;

3. Қортынды бөлім.

7 тапсырма: Жұптық жұмыс. Досыңыздың кәсіп ашпақ ниеті бар. Оған бизнес-жоба идеясын іске асырып, пайда алу үшін жасалатын жоспар дайындауға көмектесіңіз.

Алдымен мына сұрақтарға жауап беріңіз. Жобаның мақсаты не? Жобаның үш артықшылығы қандай? Қоғамға пайдасы бар ма? Таныстырылым жасаңыздар.

Тақырып 4.3. Автоматты реттеу жүйелерін жіктеу

1 тапсырма: Мәтіннің түсінігін айтыңыз.

Басқару үшін арналған басқару және техникалық құрылғылар объектісінің жиынтығын автоматты реттеу (басқару) жүйесі деп аталады. Әр түрлі белгілер мен қасиеттерге, сонымен қатар басқарылатын объектінің түріне байланысты олардың жұмыс қағидаты бойынша АРЖ-ін (қаз) жіктеу қабылданған.

АРЖ-ін әр түрлі негіздемелер бойынша жіктейді:

реттелетін параметрлер түрі бойынша — қысым, температура, деңгей, ылғал және т.б. АРЖ жіктеудің осы түрі ТП АБЖ жалпы құрылымындағы технологиялық процестің реттелетін параметрлерін көрсету үшін қолданылады;

жұмыс қағидаты бойынша — үздіксіз және дискретті жұмыс. Үздіксіз АРЖ-де (қаз) АРЖ құрылымына кіретін элементтер арасында тұрақты функционалды байланыс жүзеге асырылады, ал басқарушы әрекеттің өзгерісіне реттелетін параметр уақытында үздіксіз өзгерту сәйкес келеді (Мысалы, 2.2-суретте келтірілген құрылымдық сызба).

Дискретті АРЖ-де (қаз) немесе басқарудың бір өзгермелі процесі дискретті өзгереді, немесе ең болмағанда осы элементтерінің бірінде сигналдардың дискретті өзгерістер орын алады;

реттегіштің реттеу объектісіне әсерінің сипаты бойынша — тұрақтандырушы, абайлаушы, бағдарламалық және тиімдендіруші және АРЖ.

Тұрақтандырушы жүйеде реттелетін көлемнің берілген мәні орнатылады және процестің қалыпты барысында өзгеріссіз күйінде қалады.

2 тапсырма: Мәтіндегі келтірілген сөздердің қосымшаларын тауып, олардың атқарып тұрған қызметін, сөз мағынасына әсерін анықтаңыздар. Әр қосымшаны құрамына қарай талдап, сөзде қандай тәртіпте жалғанғанын көрсетіңіздер

3 тапсырма: Мәтіндегі сын есімдерді тауып, іріктеп жазыңыздар.

4 тапсырма: Септік жалғаулы сөздерді теріп жазыңыз.

5 тапсырма: Мәтіннен етістіктерді теріп, орыс тіліне аударыңыз. Етістіктерді есімшеге айналдырыңыз

6 тапсырма: Тақырып бойынша қандай сөздер мен терминдерді білдіңіздер?

7 тапсырма: Автоматты реттеу жүйелерін жіктеу тақырыбына мәтін мазмұны негізінде өз пікірлеріңізді білдіріңіздер.

5 Бөлім. Қазіргі заманғы іс қағаздары

Тақырып 5.1 Құжат пен құжаттау туралы түсінік

Ісқағаздарының түрлері өте көп, олардың негізгі түрлерін мақсаты мен мазмұнына, жасалған орнына, жасалу сатысына, қызметіне, формасына т.б. ерекшеліктеріне қарап топтастыруға болады.

Ісқағаздары мазмұны мен қызметіне қарай үш топқа бөлінеді.

1-ші топ. Жеке адам өміріне қатысты құжаттар.

2-ші топ. Азаматтық қарым-қатынасты реттейтін құжаттар.

3-ші топ. Басқару, ұйымдастыру қызметіне қатысты құжаттар.

Жеке адам өміріне қатысты ісқағаздары	Азаматтық қарымқатынастарды реттейтін ісқағаздары	Басқару, ұйымдастыру қызметіне қатысты ісқағаздары
Түйіндеме Жеке іс парағы Арыз Кепілдеме карточкасы Жеделхат	Өмірбаян Өтініш Мінездеме Визит Анықтама	Қолхат Сенімхат Тапсырыс Шарт Еңбек келісімі
	Кепілхат Өтінім Келісімшарт Еңбек шарты	Хаттама Қызметтік хаттар Хабарландыру Бұйрық Жарлық Үкім Өкім Жарғы Ереже Қаулы Шешім

Формасына қарай:

- Типтік;
- Трафареттік;
- Еркін мәтінді болып бөлінеді.

1. Типтік ісқағаздары деп қалыптасқан мәтін-үлгі бойынша жазылатын ісқағаздарын айтамыз. Мысалы: арыз, өтініш т.б.

2. Трафареттік ісқағаздары деп мәтіннің белгілі бір бөлігі алдын ала баспаханалық әдіспен басылып дайындалған құжаттарды айтамыз. Мәтіннің алдын ала дайындалған бөлігінде өзгермейтін ақпарат жазылады. Мысалы: студенттің белгілі бір оқу орнында оқитынын растайтын студенттік билет, анықтама т.б. Мұнда студенттің аты-жөні, тегі, оқитын бөлімі мен курсы жазылатын арнайы орын қалдырылып, қалған бөлігі баспаханалық әдіспен басылып, алдын ала дайындалады.

3. Еркін мәтінді ісқағаздарына қалыптасқан үлгі бойынша жазылмайтын құжаттар жатады. Мысалы: пікір. Еркін мәтінді ісқағаздарын безендіруде де жалпы ісқағаздарына қойылатын талаптар сақталады.

Қолданылу орнына қарай:

- Мекемеішілік;
- Мекемеаралық;
- Мемлекеттік;
- Халықаралық болып бөлінеді.

Шығу, жасалу сатысына қарай:

- түпнұсқалық;
- көшірмелік болып бөлінеді.

Түпнұсқалық ісқағаздарына кез келген құжаттың бірінші рет жасалған нұсқасы (оригинал) жатады. Ал көшірмелік ісқағаздарына түпнұсқаның мәтіні сол күйінде, өзгеріссіз сақталып алынған толық нұсқасы немесе белгілі бір бөлігі жатады. М: Көшірмелік ісқағаздарына кез келген құжаттың көшірмесін (диплом көшірмесі, бұйрықтың көшірмесі т.б.), үзіндісін (хаттамадан үзінді, бұйрықтан үзінді т.б.), дубликатын жатқызуға болады. Үзінді – құжаттың қажетті бөлігінің мәтіні өзгертілмей жазылған, қолға берілетін нұсқасы. Дубликат – құжат жоғалған кезде берілетін құжаттың түпнұсқасымен күші бірдей көшірмесі.

1-тапсырма. Мәтінді орыс тіліне аударыңыздар.

Ең алдымен, көңіл бөлетін нәрсе – ісқағаздарының, ресми құжаттардың тілі бір жүйеге түспей, стильдік жағынан қалыптаспай, кез келген мекеменің қызметін, әрекетін көрсететін құжаттарды жасау, толтыру, тіркеу, қабылдау, ол бойынша жұмыс істеу, мұрағатқа дайындау т.б. өте қиын. Сондықтан болашақ маманды даярлау барысында бұл пәннің атқаратын рөлі зор.

2-тапсырма. Біздің колледжімізде мемлекеттік тілді дамыту үшін қандай іс-шаралар қолданар едің? Ойыңызды жазабаша жазыңыздар.

3-тапсырма. «Іс қағаздарының адам өміріндегі рөлі» эссе жазыңыздар.

4-тапсырма. Қазақ ресми ісқағаздарының қалыптасу кезеңдерінің тарихы жайлы мағұлмат жазыңыздар.

I. Хан жарлықтары

II. Кеңес үкіметі құрылған кезең

III. ҚР Тәуелсіздік алған кезең

5-тапсырма. Ресми ісқағаздар стилімен танысыңыздар.

«Стиль» – латын сөзі, қазақ тіліне аударғанда «жазу мәнері» дегенді білдіреді. Стилистика – тілдің қолданылу заңдылықтарын зерттейтін ғылым, ол тілдік белгілердің дұрыс қолданылу нормасын көздейді.

Қазақ әдеби тіл стильдері:

1. Ауызекі сөйлеу стилі
2. Көркем әдебиет стилі
3. Публицистикалық стиль
4. Ресми ісқағаздар стилі
5. Ғылыми стиль

1. Ауызекі сөйлеу тілі стилі

Орны: күнделікті қарым-қатынас

Мақсаты: тіл табысу

Сипаты: қарапайым

Тілдік құралы: одағай, оқшау сөз

2. Көркем әдебиет стилі

Орны: көркем шығарма, айтыс, спектакль

Мақсаты: адамның сезіміне әсер ету, образды ойлауға үйрету

Сипаты: образды, көркем

Тілдік құралы: ауыспалы мағыналы сөздер, троптар, теңеулер, эмоционалды-экспрессивті сөздер

3. Ресми ісқағаздары стилі

Орны: ресми ісқағаздары, ресми кездесулер

Мақсаты: іскерлік қарым-қатынасты дамыту, нақты мағлұмат беру

Сипаты: қысқа да нұсқа

Тілдік құралы: ресми сөздер, тура мағыналы сөз, кәсіби сөздер, терминдер, қалыпты тіркестер

4. Публицистикалық стиль

Орны: газет, журналдар, теледидар, радио (БАҚ құралдары)

Мақсаты: ақпарат, хабар тарату, қоғамдық пікір туғызу

Сипаты: пафосты, ұранды, экспрессивті

Ісқағаздарын мемлекеттік тілде жүргізу

Тілдік құралы: термин, кәсіби сөздер, тұрақты тіркестер, әдеби орамдар, экспрессивті сөздер

5. ҒЫЛЫМИ СТИЛЬ

Орны: ғылыми еңбектер, конференциялар, диссертациялар, монографиялар

Мақсаты: білім беру, білім тарату

Сипаты: дәлелді, дәйекті

Тілдік құралы: терминдер, тура мағынадағы сөздер, кәсіби сөздер

Ресми немесе ісқағаздар стилінің ерекшелігі: онда факті дәл көрсетіліп, бір ізбен жүйелі жазуға айрықша мән беріледі.

Ісқағаздарындағы мәлімет қысқа, нақты және белгілі бір ізбен жүйелі жазылуы тиіс.

Ресми құжат стильдеріне тән белгілер:

- мазмұнының қысқа әрі тұжырымды баяндалуы;
- тұжырымдардың дәл, нақты болуы;
- сөздер мен терминдердің нақты, тура мағынасында пайдаланылуы;
- терминдер мен тұрақты орамдардың бірегейлігі;
- терминнің ең қолданылу жиілігі жоғары, Мемлекеттік терминология комиссиясы бекіткен нұсқасының пайдаланылуы;

қалыптасқан мазмұндық-құрылымдық нормалардың қатаң сақталуы.

Көптеген сөздер белгілі стильге телулі болады, қолданылу жағынан шектеліп отырады. Мысалы: тағайындалсын, міндеттелсін, осы анықтама берілді, қаулы етеді, жарлық етеді т.б.

Ресми ісқағаздарында кейде бір заттың я ұғымның атауы қолданылу орнына қарай әртүрлі аталады. Мысалы, «адам» деген сөзді алатын болсақ:

Ресми құжаттарда – азамат, жолдас.

Телефон станциясында – абонент.

Ательеде – тапсырыс беруші.

Шаштаразда – клиент.

Ауруханада – науқас.

Шипажайда (санаторийде) – демалушы, тынығушы.

Көлікте (транспортта) – жолаушы т.б. болып табылады

6-тапсырма. «Синквейн» әдісі бойынша *Іс қағаздары* тақырыбына 5 жол өлең құрастырыңыздар.

1. Зат есім –
2. Сын есім -
3. Етістік –
4. Сөйлем
5. Синоним
- 6.

7-тапсырма. Іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізутуралы ойларыңды жинақтап, «ПСМТ формуласы» әдісімен жазыңдар.

1- сөйлем: «Менің ойымша, ...».

2- сөйлем: «Мен оны былай түсіндіремін: ...».

3- сөйлем: «Оны мынадай деректермен, мысалдармен дәлелдей аламын: ...».

Соңғы сөйлем: «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім: ...».

Тақырып 5.2 Жеке адам өміріне қатысты құжаттар

Түйіндеме – белгілі бір тұлғаның өмірбаяны, білімі, мамандығы, кәсіптік шеберлігі, біліктілігі, икемділігі жайлы нақты, қысқа мәлімет беретін ісқағазының бір түрі. Түйіндеме (Резюме) – француз тілінен алынған термин. “Айтылған я жазылған мәселенің қысқаша түйіні” деген мағына береді.

Құрылымы:

1. Құжат атауы.
2. Үміткер туралы толық мәлімет: (аты-жөні, туған жылы, күні, айы, туған жері, ұлты, жынысы, отбасы жағдайы, азаматтығы).
3. Мекенжайы, телефондары, электрондық пошта (e-mail).
4. Үміттеніп отырған орны.
5. Білімі, бітірген оқу орындары.
6. Мамандығы.
7. Еңбек өтілі, жұмыс тәжірибесі.
8. Ғылыми атағы, дәрежесі.
9. Жетістіктері.
10. Тілдерді білуі.
11. Компьютерді білуі.
12. Жеке қасиеттері.
13. Қызығушылығы.
14. Қосымша ақпараттар.
15. Ұсыным хат немесе кепілдеме.

Түйіндемеде белгілі бір адам туралы мәліметтер ықшам әрі нақты түрде беріледі. Түйіндеме 3-ші жақта жазылады.

1-үлгі

ТҮЙІНДЕМЕ

Аты-жөні: Асанова Арай Болатқызы

Туған күні, айы, жылы: 11.09.1990 ж.

Туған жері: Алматы қаласы

Ұлты: қазақ

Жынысы: әйел

Отбасы жағдайы: тұрмыс құрмаған

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Мекенжайы, телефоны, e-mail: С.Сейфуллин даңғылы, 179 үй; 87015559577; asanova@mail.ru

Үміттеніп отырған орны: АТФ банкі. Менеджер

Білімі: жоғары Бітірген оқу орындары: 2005-2009 жж. Алматы қаласы, Халықаралық Бизнес Академиясы Мамандығы: экономика

Еңбек өтілі, жұмыс тәжірибесі: жоқ

Ғылыми атағы, дәрежесі: жоқ

Жетістіктері: 2002 ж. Алматы қаласы, Облыстық олимпиада, 1 орын (математика пәні). 2003 ж. Алматы қаласы, Республикалық олимпиада, 2 орын (математика пәні).

Тілдерді білуі: қазақ тілі – ана тілі, орыс тілі – жетік, ағылшын тілі – орташа

Компьютерді білуі: Microsoft Word, Exell

Жеке қасиеттері: жауапты, тиянақты, ұқыпты

Қызығушылығы: кітап оқу, музыка тыңдау, сурет салу

Қосымша ақпараттар: автокөлік жүргізе алады

Ұсыным хат немесе кепілдеме: Ұсыным хат қосымшада тіркелген

1-тапсырма. Сұхбатпен танысыңыз және орыс тіліне аударыңыз.

– Арман, маған көмектесіп жіберші.

– Қандай көмек керек, Әсел?

– «Мұнайгаз» компаниясында конкурстық негізде қабылдайтын хатшы-референттің бос қызмет орны бар екен. Мен сол конкурсқа қатысайын деп едім. Соған түйіндеме дайындау керек.

– О-о, бұл өте жақсы ғой. Түйіндемеде өзің туралы мәліметтерді толық, бірақ нақты етіп беруге тырыс.

– Міне, жазған түйіндемеді көріп жіберші, өзім туралы жалпы ақпараттарды толық берген сияқтымын. Тағы не қосуға болады?

– Сен өзіңнің жеке қасиеттеріңді көрсетпепсің. Бұл өте маңызды.

– Сен қалай ойлайсың? Қандай жеке қасиеттеріңді жазуға болады?

– Әсел, сенің бойыңда жақсы қасиеттер өте көп қой! Мысалы: жауаптысың, ұжыммен жұмыс істей білесің, сондай-ақ ұйымдастырушылық қабілетің де бар. Меніңше, осы жақсы қасиеттеріңнің бәрін жазуың керек.

– Көмегіңе рахмет, Арман. – Оқасы жоқ.

Сұхбат бойынша сұрақтардың жауабын жазыңыз.

Конкурс жариялаған қандай компания?

2. Қандай бос қызмет орнына конкурс жариялаған?

3. Арман Әселдің қандай жақсы қасиеттерін атап өтті?

Өмірбаян

Өмірбаян – жеке адамның өмір жолы мен қызметі хронологиялық тәртіпте жазылған ресми құжат.

Өмірбаян азат жолдан «Мен» – деп басталып, бірінші жақта, жекеше түрде баяндалады.

Құрылымы:

1. Құжаттың атауы.
2. Аты-жөні (толық жазылады), туған күні, айы, жылы, туған жері.
3. Ұлты. Азаматтығы.
4. Білімі, оқыған оқу орындары.
5. Жетістіктері.
6. Отбасы (ата-анасы, жұбайы, балалары) туралы мәлімет.
7. Қосымша мәліметтер (тіл білуі, қызығушылығы) т.б.
8. Қазіргі жұмысы, мекенжайы туралы мәлімет.
9. Құжаттың жазылған күні, айы, жылы.
10. Қолы.

1- тапсырма. Сұрақтарға жауап бере отырып, өз өмірбаяныңызды жазыңыз.

1. Сіздің аты-жөніңіз кім?
2. Сіз қай жерде және қашан дүниеге келдіңіз?
3. Сіздің отбасы жағдайыңыз қандай?
4. Сіздің біліміңіз қандай?
5. Сіз қайда оқыдыңыз, нені бітірдіңіз?
6. Сіздің мамандығыңыз қандай?
7. Сіз қайда жұмыс істедіңіз?
8. Қазір қайда жұмыс істейсіз?
9. Сіз қандай компьютер бағдарламаларын білесіз?
10. Қай тілде еркін сөйлейсіз?
11. Әскери қызметке міндеттісіз бе?
12. Қандай әскери атағыңыз бар?

2- тапсырма. Орыс тілінде жазылған «Өмірбаянды» қазақ тіліне аударыңыз. (Үлгіден алыңыз).

Автобиография

Я, Исаев Марат Болатович, родился 1 сентября 1974 года в селе Талас. Мой отец – Исаев Болат, работает экономистом. Моя мать – Исаева Алия, домохозяйка. С 1990 года по 2001 год я учился в средней школе №1. Был редактором школьной стенгазеты. В школе увлекался математикой, принимал участие в олимпиадах. Занимался спортом. В 2002 году поступил в МАБ. В настоящее время являюсь студентом 2 курса Международной Академии Бизнеса.

18.02.2004.

Өтініш

Өтініш дегеніміз – азаматтардың жеке құқықтары мен мүдделерінің жүзеге асырылуы мазмұндалатын, ресми түрде жазбаша баяндалатын, өтіну, өтініш білдіру, сұрау туралы лауазымды тұлғаға бағытталған ресми құжат.

Өтініш, негізінен, мынандай жағдайларда жазылады:

- оқуға түскен кезінде;
- басқа оқу орнына ауысқанда;
- бір факультеттен басқа факультетке ауысқанда;
- жатақханадан орын сұрағанда;
- жұмысқа қабылдау кезінде;
- басқа жұмысқа ауысқанда;
- жұмыстан босату кезінде;
- кезекті демалыс сұрау кезінде;
- кезектен тыс демалыс сұрағанда;
- материалдық көмек сұрағанда;
- денсаулығына байланысты академиялық демалыс алғанда т.б.

Құрылымы:

1. Кімге жазылғаны (мекеменің толық атауы, лауазымы, аты-жөні, дәрежесі / атағы).
2. Кімнің жазғаны: (мекенжайы, қызметі, лауазымы, аты-жөні).
3. Құжат атауы (өтініш).
4. Негізгі мәтін.
5. Жазылған мерзімі.
6. Өтініш иесінің қолы.

1-үлгі

ҚР Ұлттық кітапханасының

Бас меңгерушісі

А.Бағдатоваға

Алматы қаласы, Қастеев көшесі,

12 үй, 7 пәтердің тұрғыны

Жайлаубаева Құралайдан

ӨТІНІШ

Менің сізге өтініш беру себебім, оқу талабына байланысты сирек кездесетін «Құнды кітаптар» қорына мүше етіп алуыңызды сұраймын.

03.07.10.

(Қолы)

2-үлгі

Халықаралық Бизнес Академиясының
Президенті
А.Қожахметовке
Қаржы-экономика факультеті
«Менеджмент» мамандығының 1 курс студенті
Елтай Жәнібектен
ӨТІНІШ

Менің сізге өтініш жазу себебім, Атырау қаласынан келуіме байланысты
Магистранттар және Студенттер үйінен орын алуға рұқсат беруіңізді сұраймын.

15.07.10.

(Қолы)

3- тапсырма. Сәйкестендіріңіз.

Оқытушы қызметіне Кезекті демалыс Кезектен тыс Материалдық көмек Инженер ретінде Астана қаласына Өз еркіммен жұмыстан Жатақханадан орын Іссапарға	беруіңізді қабылдауыңызды ауыстыруыңызды босатуыңызды көрсетуіңізді беруіңізді қабылдауыңызды жіберуіңізді босатуыңызды	өтінемін (сұраймын)
--	---	------------------------

Мінездеме

Мінездеме дегеніміз – белгілі бір адамды өмірбаяндық, біліктілік, кәсіптік, адамшылық тұрғыда мінез-құлқын сипаттай отырып жазылатын ісқағазының бір түрі. Мінездеме 2 дана етіп дайындалады. Біріншісі талап етуші мекемеге жіберіледі, екіншісі мінездеме иесінің жеке ісіне немесе мінездемелер тіркелетін іске тігіледі. Барлық мінездемелерге мекеме мөрі басылады. Мінездеме ресми стильде, еркін түрде жазылады.

Жалпы тәжірибеде мінездеменің 3 түрі бар. Олар:

1. Қызметтік мінездеме.
2. Аттестациялық мінездеме.
3. Жеке (функционалды) мінездеме.

Мінездеменің мақсаты:

- Жеке тұлғаның мінезін сипаттау.

Мінездеменің ерекшеліктері:

- Басқа біреу тарапынан жазылады.
- Үшінші жақта жазылады.
- Ресми стильде жазылады.

Құрылымы:

1. Құжаттың атауы.
2. Мінездеме берілетін адам туралы қысқаша мәлімет: а) аты-жөні, туған жері, туған күні, айы, жылы, ұлты, азаматтығы; ә) білімі, бітірген оқу орындары; б) қызмет істеген жылдары, орны.
3. Негізгі мәтіні: а) кәсіби біліктілігі (өз міндетіне, қоғамдық тапсырмаларға қатысы); ә) жеткен жетістіктері; б) отбасы жағдайы; в) жеке басының адамгершілік қасиеттері; г) сын көтеру қабілеті.
4. Қорытынды.
5. Мінездемені талап етуші ұйымның атауы.
6. Мінездеме беруші туралы мәлімет.
7. Мінездеме берілген күн, ай, жыл.
8. Қосымша.

3-үлгі. Жеке (функционалды) түрі

Мінездеме

Алпамысов Сәкен Азатұлы 1966 жылы Алматы қаласында туған. Білімі жоғары. Ұлты – қазақ. Қазақстан Республикасының азаматы. 1990-1996 жылдар аралығында «Қызыл-ту» өндірістік бірлестігінде инженер болып қызмет істеді. 1996 жылдан бастап осы бірлестіктің «Бақылау-өлшеу аппаратурасы» бөлімінің аға инженері қызметін атқаруда. Алпамысов Сәкен Азатұлы бақылау-өлшеу аппараттары бөлімінде аға инженер болып істеген кезінде, қабілетті, білімді, ұқыпты қызметкер ретінде өзін жағымды жағынан көрсете білді. Өз мамандығы бойынша кәсіптік шеберлікті жақсы меңгерген. Компьютермен жұмыс істеу тәжірибесі мол. Француз тілінен базалық білімі бар. Үйленген. Мектеп жасына дейінгі ұл мен қыз тәрбиелеп отыр. 1996 жылы Санкт-Петербург электротехникалық институтында «Бақылау-өлшеу құралдарын автоматтандыру» мамандығы бойынша дайындықтан өтті. Оқу орнынан берілген пікір жағымды. Мінезі ашық, бірақ аздаған сабырсыздығы бар.

Ұйымдастырушылық қабілеті ерекше. Ерік-жігері орташа. Қиын жағдайда өз бетінше, дұрыс шешім қабылдай біледі. Өндірістік мәселелерді талқылағанда тік мінезділік көрсетеді, тым турашыл. Сынды дұрыс түсінеді, кемшіліктерін тез түзеуге тырысады. Мінездеме «Еңбек келісімін» ұзарту үшін берілді.

Мінездеме беруші: «Қызыл-ту» өндірістік бірлестігі Бақылау-өлшеу аппараттары бөлімінің бастығы А. Бақбергенұлы 8 сәуір, 2010 жыл
(қолы)

4- тапсырма: Сөйлемдерді дұрыс құрастырыңыз.

1. Бітірген / мамандығы бойынша / Құрманғазы атындағы Өнер институтын / Алтынбеков Серік / 1968 жылы / актер, режиссер.

2. Қызметін атқарған / қазақ радиосында / 1969-2000 жылдар аралығында / дыбыс режиссері.

3. Телерадио / Бүкілодақтық білім жетілдіру институтын / саласы бойынша / бітірген / Мәскеу қаласындағы / 1972 жылы.

4. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті / жетекші маман / теле-радио-фото зертханасында / қызметін атқарады / 2000 жылдан / журналистика факультетінің.

5. Маманы / және / сөйлеу техникасының / көркем сөз.

6. Орындайды / жұмысты / өзіне тапсырылған / жауапкершілікпен.

7. Арасында / мен / студенттер / беделді / өз әріптестері.

5- тапсырма. Мінездеме үлгісі бойынша досына мінездеме жаз.

Мінездеме

Алпамысов Сәкен Азатұлы 1966 жылы Алматы қаласында туған. Білімі жоғары. Ұлты – қазақ. Қазақстан Республикасының азаматы.

1990-1996 жылдар аралығында «Қызыл-ту» өндірістік бірлестігінде инженер болып қызмет істеді.

1996 жылдан бастап осы бірлестіктің «Бақылау-өлшеу аппаратурасы» бөлімінің аға инженері қызметін атқаруда.

Алпамысов Сәкен Азатұлы бақылау-өлшеу аппараттары бөлімінде аға инженер болып істеген кезінде, қабілетті, білімді, ұқыпты қызметкер ретінде өзін жағымды жағынан көрсете білді. Өз мамандығы бойынша кәсіптік шеберлікті жақсы меңгерген. Компьютермен жұмыс істеу тәжірибесі мол. Француз тілінен базалық білімі бар. Үйленген. Мектеп жасына дейінгі ұл мен қыз тәрбиелеп отыр.

1996 жылы Санкт-Петербург электротехникалық институтында «Бақылау-өлшеу құралдарын автоматтандыру» мамандығы бойынша дайындықтан өтті. Оқу орнынан берілген пікір жағымды.

Мінезі ашық, бірақ аздаған сабырсыздығы бар. Ұйымдастырушылық қабілеті ерекше. Ерік-жігері орташа. Қиын жағдайда өз бетінше, дұрыс шешім қабылдай біледі. Өндірістік мәселелерді талқылағанда тік мінезділік көрсетеді, тым турашыл. Сынды дұрыс түсінеді, кемшіліктерін тез түзеуге тырысады.

Мінездеме «Еңбек келісімін» ұзарту үшін берілді.

Мінездеме беруші: «Қызыл-ту» өндірістік бірлестігі Бақылау-өлшеу аппараттары бөлімінің бастығы А. Бакбергенұлы

8 сәуір, 2010 жыл

(қолы)

Кадр жөніндегі «Жеке іс қағазы»

Кадр есебі жөніндегі жеке іс парағы дегеніміз – белгілі бір тұлға туралы толық мәлімет беретін, арнайы бланкіге толтырылатын ісқағаздарының бір түрі. Кадр есебі жөніндегі жеке іс парағы – жұмысқа қабылдану, магистратураға тапсырған кезде, кандидаттық және докторлық диссертация қорғайтын кезде, сайланбалы органдарға сайлану кезінде, сондайақ ұйымдар, мекемелер талап еткен жағдайларда толтырылатын арнаулы бланк түріндегі ресми құжат.

Құрылымы:

1. Аты-жөні.
2. Жынысы.
3. Туған күні, айы, жылы.
4. Туған жері (ауыл, аудан, қала, облыс, республика).
5. Ұлты, азаматтығы.
6. Білімі.
7. Жеке куәлік нөмірі.
8. Мекенжайы.
9. Телефоны.
10. Оқу орнының атауы, орналасқан жері. Түскен жылы. Бітірген немесе шыққан жылы. Бітірмесе, қай курстан кетті. Қандай мамандық бо- йынша білім алды. Оқу орнын бітірген соң кім болып шықты, диплом не куәлік нөмірі.
11. Қандай шетел тілдерін және ТМД халықтарының тілдерін білесіз (қандай дәрежеде).
12. Ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы.

13. Ғылыми еңбектері және жаңалықтары (өнертабыстары).
14. Еңбек жолы (Келген уақыты. Кеткен уақыты. Күні, айы және жылы. Қызметі, мекеме, ұйым, кәсіпорын, министрлік). Мекеме, ұйым, кәсіпорынның тұрған жері.
15. Сайланбалы орындарға қатысуы (Сайланбалы органның тұрған жері. Сайланбалы органның атауы. Кім болып сайланған. Сайланған жылы. Шығарылған жылы).
16. Мемлекеттік марапаттары.
17. Әскери қызметке қатысуы, әскери атағы (Құрамы. Әскер түрі).
18. Жеке іс парағын толтырған кездегі отбасы жағдайы (Отбасы мүшелерінің туған күні, айы, жылы).
19. Толтырылған мезгілі.
20. Қолы.

6- тапсырма. Сөйлемдерді дұрыс құрастырыңыз.

1. Қазақ / атындағы / ұлттық / әл-Фараби / университеті.
2. Еуразия / атындағы / университеті / М.Л. Гумилев / ұлттық.
3. Ұлттық / С.Д.Асфендияров / Қазақ / университеті / атындағы / медицина.
4. Техникалық / Қ.И. Сәтбаев / Қазақ / ұлттық / атындағы университеті.
5. Қызылорда / Қорқыт ата / мемлекеттік / университеті / атындағы.
6. Атындағы / мемлекеттік / Ш.Уәлиханов / университеті / Көкшетау.
7. Қазақ-Түрік / атындағы / Халықаралық / Қ.А. Яссауи / университеті.

Тақырып 5.2 Азаматтық қарым-қатынасты реттейтін құжаттар

Қолхат – белгілі бір құндылықтардың (құжат, мүлік, зат, ақша) алынғанын куәландыратын және оны белгілі бір мерзімде қайтарып беретіндігін міндеттеп, көрсететін ресми құжат түрі.

Ерекшелігі:

- 1) Қолхат құқықтық дәрежесі төмен құжат екендігі.
- 2) Қолхат нотариалдық кеңседе көп жағдайда куәландырылмайтын- дығы.
- 3) Мөр басылмайтындығы\

Құрылымы:

- құжаттың атауы;
- қолхат беруші туралы мәлімет (аты-жөні, мекенжайы немесе жұмыс орны);
- қолхат алушының аты-жөні;

алынған заттың атауы (егер ақша болса – сомасы санмен де, жазбаша да көрсетіледі, зат болса оның құны көрсетіледі);

- қайтарылатын нақты уақыты;
- қолхат берушінің жеке куәлік нөмірі;
- қолхат жазылған күні, айы, жылы;
- қолхат берушінің қолы;
- куәлердің қолы (кейбір жағдайда).

1-үлгі

Қолхат

Мен, Шымкент қаласы, Абай даңғылы, 12 үй, 34 пәтердің тұрғыны Ерғазин Ұлан Еркінжанұлы, азамат Дәуітбеков Уәлихан Өскенұлынан Nokia Xpress Music 5610 маркалы ұялы телефонын уақытша пайдалануға алдым. Бағасы 38 000 (отыз сегіз мың) теңге тұрады. Алған ұялы телефонды 2009 жылдың 10-шы қыркүйегінде қайтаруға уәде беремін. Жеке куәлік №1234567989.

10.08.2009. _____ Ұ. Ерғазин

1-жаттығу. Қазақ тіліне жазбаша түрде аударыңыздар.

Расписка

Я, студент группы ИИТ-02-17 Малик Нуршаулы, взял в читальном зале «Қазақ тілі» для временного пользования энциклопедию «Казахстан» (стоимостью 2000 тенге). Обязуюсь вернуть книгу в течение недели. Номер удостоверения личности №123456789.

15 февраля, 2003 г. (подпись)

2-жаттығу. Қолхат жазыңыздар.

Өзіңіздің көршіңіз А.Е. Еркіновтен 10 күнге 20000 (жиырма мың) теңге алғандығыңыз туралы қолхат беріңіз.

Келісімшарт – жеке тұлғалардың және заңды тұлғалардың азаматтық құқықтары мен міндеттерін белгілеуді, өзгертуді және тоқтатуды реттейтін, нотариалды түрде куәландырылатын ресми құжат.

Құрылымы:

- құжат атауы;
- күні, айы, жылы, жасалған орны (қаласы);
- тараптардың (аты-жөні, мекенжайы, жеке куәлік нөмірі, қайда, қашан берілгені);
- келісімшарттың мәтіні;
- тараптардың қолы;
- нотариалдық кеңсенің жазбасы;
- нотариустың аты-жөні, қолы, мөрі.

3-жаттығу. Келісімшарттағы көп нүктенің орнын толтырыңыз.

Қазақстан Республикасы 2004 жылы 12 мамырда.....

жеке куәлігінің №5487962131. Пәтердің жалпы аумағы: 120 шаршы метр, 4 бөлмеден тұрады. Пәтердің инвентарлық құны: ТИБ – 2005 жылғы қазанында №6 бланкіде көрсетілген бойынша жүз жиырма мың (120000) доллар тұрады. Осы уақытқа дейін көрсетілген пәтер ешкімге, қарыз, салыққа берілген жоқ жәнеболған жоқ, қойылған жоқ. Келісімшартты ресімдеуге байланысты азамат Ахметов Ерлан Елдосұлы төлейді. Тараптардың анықталды, олардың құқықтық қабілеттілігі және сатылатын пәтердің Ахметов Ерлан Елдосұлына екендігі тексерілді. Сату-сатып алу жөніндегі келісімшарттың мәтіні оқылды. Тариф бойынша 500 (бес жүз) теңге мемлекеттік алынды.

Керекті бірліктер: Әділет министрлігі, ішкі істер министрлігі берген, анықтамасы, шығынды, салық, дауысты, пайдалы, жеке басы, сатылған жоқ, іс-әрекетке, өтеуге, тиесілі, дау-таласта, талап.

